

Келісіді
«Ертөстік» балабақшасы МКҚК
әдіскері
Байгонова А.Х.

Бекітемін
«Ертөстік» балабақшасы МКҚК
менгерушісі
Ержанова Т.М.
«08» / 09 / 2025ж.



**2025-2026 оқу жылына арналған вариативтік компонент
перспективалық жоспары**

**Перспективный план работы по вариативному компоненту
на 2025-2026 учебный год**

**«Жүргіншінің ғылыми мектебі»
(ересек топ №4 «Балдәурен»)**

Көкшетау қаласы

«Жүргіншінің ғылыми мектебі»

Түсініктеме хат

Баланың қоршаған ортасы – тек қана отбасы, мектеп емес, ол балалар ойнайтын алаңшық және көше. Көше өзіне көп көңіл аударады, өйткені көшеде зымырап әр түрлі әдемі машиналар, автобустар, жүк машиналар жүреді. Кішкентай кезінен бастап балалар тоқтаусыз жолдан өздеріне ерекше заттарды бөледі. Тап сол балаларды көшеге тартады, сол жерде бала өзің көрсете алады.

Өзектілік және өмірге деген қажеттілік, балаларды әлбетте жол жүру ережесіне үйрету қажет.

Мектеп жасына дейінгі балалар жолда тұрған ықтимал қауіпті, тез ауысатын жолдағы жағдайды күні бұрын білмейді. Олар жолшы бөлігіне велосипедпен жүруге немесе жол үстінде қызықты ойындар ойнауға болады деп есептейді .

Барлық сол алғышарттармен үздіксіз білімнің балабақшада жол жүру ережесі вариативтік компоненттің тудыру қажеттілігін тұғызды.

Әдістемелік нұсқау жолда қауіпсіздік мәселесін, баланың әр түрлі жағдайдағы бағдарлауын шешеді.

Мақсаты:

Жолда қауіпсіздік тәртібін сақтау дағдысын қалыптастыру.

Оны жүзеге асыру үшін алдымызға бірнеше мақсат қою қажет:

- Балалардың жол жүру ережесін саналы түрде үйренуі үшін жағдай жасау керек.
- Жол қозғалыс қатысушылардың ортақ деңгейіндегі мәдениетін көтеру.
- Балаларды сауатты жүргіншілер болуға тәрбиелеу.
- Шығармашылық және ойлау қаблеттерін дамыту.

Бұл мақсаттарды арнайы танымдық ұйымдастырылған сабақтар арқылы жүзеге асырып, әңгіме, көліктердің қозғалысын бақылау, саяхаттар, көрнекіліктер, әдеби кітаптарды оқу, мақал-мәтелдерді жаттау, жұмбақтар жасыру, дамыту, танымдық, сюжеттік-рольдік ойындар, сайыстық ойындар, қимылды ойындар, мерекелер, ойын-сауықтар, сайыстар, мультфильмдер қарау, слайд жүргізу, Жол Жүру ережесі бұрышын безендіру арқылы шешіледі.

Міндеті:

- жол жүру бағдарламасы жас ерекшеліктеріне сай келуі.
- балалардың үйренуіне қолайлығы.
- іс-шараларды жүйелі түрде өткізу жоспарға сәйкес жасалуы қажет.
- теория мен практика байланысы.

Әдістемелік кепілдемелер:

Балалардың түсінігіне өзін-өзі ұстау мәдениетін жеткізу үшін, оқу-тәрбие жұмыстарында кешенді жолдармен жалпы дидактикалық ұстанымдарды ескерген жөн:

- қолжетілімділік
- ғылымдылығы
- саналы
- ізбасарлығы
- көрнекілік
- қағида мен тәжірибе байланысы
- білімді, дағдыны ұсталықты меңгеру.

Осы ұстанымдарды жұмыста ескеру үшін :

- 1.Балаларға үйретпес бұрын тәрбиешілердің өздері ЖЖЕ біліп, ұстанған жөн.
- 2.Әр түрлі ақпараттық деректе топтамасы:
 - зерттемесі, мақсатты саяхат.
 - көрнекі-құралдар.

3. Ақпараттық стендті безендіруді ойластыру.

4. Әрдайым қауіпсіз жол жүру білімдеріне мониторинг өткізу (оқу жыл басы мен аяғы).
Жыл аяғында балалар мыналарды білулері қажет:

ЖЖЕ жөніндегі қабылданған білімдері мен дағдыларын толықтырып, кеңейтіп жаңа ұғымдарды қосқан жөн.

1. Балалар жолда болған келеңсіз жағдайларды өздері шешіп білуі қажет.
2. Жолаушы жеңіл, құрылыс транспорт түрлерін ажырата алуы қажет.
3. Абайлау, тыйым салу, хаттаушы жол белгілерін білуі тиіс

Оқыту-үйрету әдістерін түрлендіру (жеке, топтық) алға қойған мақсат пен міндеттерді ойдағыдай жүзеге асырады.

Түзету-тәрбиелеу әдістері:

- көрнекі
- ойын
- тәжірибелі
- ауызша
- зерттеуші

Негізгі жұмыс формалары:

- сабақтар
- әңгіме
- саяхат
- мақсатты серуендер
- әдеби кітаптар оқу
- көрнекі-құралдар мен жұмыс
- викторина
- жатқа жаттау
- нұсқалар
- мәселенің шешімін табу
- сурет байқауларын өткізу
- шығармашылық әңгімелеу
- Қимылды, дидактикалық, сөздік ойындар
- стенд безендіру
- саусақты гимнастика
- сауалнама
- ойын-сауықтарға, мерекелерге, шығармашылық байқауларға қатысу.

Бағдарлама мақсатына жету үшін мына жұмыс мазмұнының мәселесін айқындау, жеке мамандардың балалармен жұмыс жасау әдістерін ұйымдастыру. Берілген жұмыстардың әдістемелік сүйемелдеуі қамтамасыз етілген. Педагогикалық барысқа ұйымдастыру оқу іс-әрекеті кіреді.

Ересек және мектепалды даярлық топтарымен жұмыс жүргізгенде экскурсия, серуен ұйымдастыру аса маңызды. Жаяу жүргіншілердің тәжірибелі дағдысын меңгереді.

Экскурсия мен бақылау мыналарды қалыптастырады:

- кеңістік жайлы
- объектілердің пішіні мен көлемі
- көшедегі бағыт-бағдар жыл мезгілдеріне сәйкес

Міндетіне орай экскурсиялар танымды, нақтылаушы, яғни қортындылаушы болып келеді.

Мектепке дейінгі жаста ойын-тренингі айрықша тиімді, балалар тәжірибелі түрде білімдері мен дағдыларын меңгереді. Қимылды және сюжеттік-рөлдік ойындар ойнау барысында балалар ЖЖЕ-ін автоматты түрде меңгеріп алады, бұл әдістер қызықты және тиімді болады.

Дидактикалық, қимылды және ойын-жаттығу ойындардың мақсаты:

- Балаларды жол білгілерін айыра білуге үйрету.
- Балалардың ЖЖЕ туралы білімдерін бекіту.
- Жаяу жүргіншілер және жүргізушілер туралы білімдерін толықтыру.
- Кеңістікті бағдарлау (көшеде, қағаз бетінде және бөлмеде).
- Рольдік дағдысын қалыптастыру.
- Балалардың сөздік қорын байыту.

Көрнекі-құралдар:

- көше суреттері
- дамыту, дидактикалық, сюжеттік ойындар
- фланелеграф, плакаттар, сюжеттік суреттер
- тасымалды бағдаршам
- көлікті ойыншықтар
- конструктор және құрылыс блоктар

Сюжеттік-рольдік ойындарға арналған атрибуттар:

- ысқырғыш, инспектордың бас киімі
- тасымалды жол белгілер
- «жүргіншінің өткелі»
- «жаяу жүргіншіге тыйым салу» белгісі
- автобус аялдамасы
- «абайлаңыз балалар» белгісі
- «телефон»
- «жедел жәрдем пункті»

Қосалқы заттар:

- компьютер, видеофильмдер, слайдтар, мультфильмдер
- тақырып бойынша үлестірмелі материалдар,
- балаларға арналған әдебиет, әдістемелік әдебиет, үнтаспа.

Бұл жұмыс аптасына 1 рет өткізіледі, жылдық жалпы сабақ саны-36

Бұл кітапта берілген сабақ үлгісі-36

Сабақ ұзақтығы- 20-25 минут.

Ересек тобы бойынша ЖЖЕ ескертуге арналған перспективалық жоспар

Айы/ Апта күндері	Тақырыбы	Мақсаты мен міндеті
Қыркүйек		
1 апта	Серуен «Жолда абай бол!»	Жол жүру ережелерін сақтауға үйрету. Далада, жолда мұқият болуға тәрбиелеу.
2 апта	«Көлік түрлері»	Көлік және адамдар жүрісін бақылай, әңгімелей білуге жаттықтыру.
3 апта	«Жүк машинасы» құрастыру	Қорапшалардан құрастыра, жүк машинасының құрылысы әрі пайдасымен таныстыру
4 апта	«Жаяу жүргіншілер» Құрылыс материалдарымен ойын	Көшеде жүру машықтарына баулу
Қазан		
1 апта	«Жол белгісі»	Балаларға жол белгісі туралы түсінік беру. Оларға өндіріске қажетсіз заттардан жол белгілерін жасауды үйрету.
2 апта	«Бағдаршам-біздің досымыз!»	Жолда жүру ережесіне сәйкес бағдаршамның атқаратын жұмысы туралы түсінігін дамыту.
3 апта	М. Жаманбалинов «Шофер» оқу	Жүргізушінің қызметін әңгімелеу.
4 апта	«Көше қиылысына саяхат»	Көргендерін өз сөздерімен әңгімелеп айта білу, есте сақтауын, ойын, көше қиылысы туралы ұғымын арттыру.
Қараша		
1 апта	«Көшеде жүру ережесі»	Балалардың көшеде жүру ережелері туралы түсініктерін кеңейту. Үстел үсті ойыны арқылы бағдаршам, негізгі жол, жиек жол, жол өткелдері, машина, көлік түрлері, жайында нақтылай білім беру.
2 апта	Өткен сабаққа тоқталу	Ойындар арқылы өткен сабақты пысықтау.
3 апта	«Жол белгілері » еліне саяхат	Жолда жүру ережелері туралы алған білімін тиянақтау. Балаларды мейрімділікке, байқағыштыққа тәрбиелеу.
4 апта	«Мен-көшедемін»	Жолда жүру ережелері туралы мағлұматтар беру, алған білімдерін іс жүзінде қолдануға қызығушылығын тудыру.
Желтоқсан		

1 апта	Сюжеттік –рольдік ойын «Автобус»	Қоғамдық көліктерде айғайлауға, қатты сөйлеуге болмайтынын ескерту. Автобуска кіргенде үлкен адамдарға, қарт әже мен атаға орын беру.
2 апта	Балалармен әңгіме: «Мен көліктер туралы не білемін»	Көліктер туралы түсініктерін қалыптастыру. Көліктердің тарихын әңгімелеу. Балалардың ой –қиялын дамыту.
3 апта	Апликация «Менің сүйікті жол белгім.»	Балалар жол белгілерін еске түсіріп, өздері ұнататын жол белгісін әңгімелейді. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу
4 апта	Ойын-сауық: «Жол белгісін білеміз бе?»	Көшеде жүру ережесі арқылы жолда жүру мәдениетін үйретіп, сақтыққа тәрбиелеу
Қантар		
1 апта	«Жол тәртібін сақтайық»	Жол қауіпсіздігін есте сақтауға, білуге жол ережесінің белгілерімен жүре білуге үйрету.
2 апта	«Жолда өте біл» дидактикалық ойын	Жол жүру ережесі бойынша балалардың білімдерін бекіту. (бағдаршамның берген белгісі, жүргінші жол) белсенділігін, назарын тәрбиелеу. Ойын ойнау арқылы балаларды жолда тәртіп сақтауға тәрбиелеу..
3 апта	«Бағдаршам» ойыны	Тәрбиеші балаларға жол белгілері туралы түсінік береді. Ойын шартын бұзбауға тәрбиелеу.
4 апта	«Балалардың көшеде және жолда өзін ұстау ережелері»	Қалада балалармен болатын жол-көлік оқиғаларының жол полициясының мәлеметтері бойынша мысалдарын айтып, түсіндіру
Ақпан		
1 апта	«Маша мен аюды жол ережесімен таныстыру.»	Балалар Маша мен аюды жолда жүру ережесін есте сақтауға, жол белгілерін неше түрі бар, оны білу не үшін қажет, бағдаршамның, жол белгілерінің атқаратын қызметі қандай екенін үйретеді.
2 апта	Серуен. Қар жинайтын машинаның жұмысын бақылау.	Қыс мезгілінде адам еңбегін жеңілдететін машиналармен таныстыруды жалғастырып, қоршаған орта білімдерін толықтыру. Жол қандай, көліктер қандай екенін әңгімелеу. Жаз және қыс мезгіліндегі көліктердің және жүргіншілердің айырмашылығын атау.
3 апта	Ойын-сауық «Жолда мұқият бол!»	Балаларды жолда жүру ережесімен таныстыру, есте сақтауға үйрету, жол қауіпсіздігін, өз өмірлерін сақтай білуге тәрбиелеу. Жол белгілерін айыра білу дағдыдарын қалыптастыру, жол ережесін білудің маңызды екенін түсіндіру.

4 апта	«Жолдағы көліктер»	Сурет салу арқылы балалар көлік түрлерін еске түсіреді. Ой-қиялын дамыту. Жолда жол белгілерін және бағдаршамды белгілеу.
Наурыз		
1 апта	Қимылды ойын: «Торғайлар мен автомобиль»	Балалардың ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Ойын шарттын бұзбауға тәрбиелеу
2 апта	Ойын, тренинг «Қызыл, сары, жасыл»	Жол және адам өмірінің қауіпсіздігін алдын алу. Балаларды бағдаршам туралы жол ережелерін маңызды екенін ұғындыру.
3 апта	Дидактикалық ойын: «Қандай белгі екенін тап?»	Жол белгілерін ажырата білуге, балалардың жолда жүру ережелері жайында білімдерін бекіту; күнделікті өмірде алған білімін өз бетінше қолдана алуға тәрбиелеу.
4 апта	Мультфильм көрейік «Жол жүру ережелері»	Балалардың жолда жүру туралы алған білімдерін тиянқтау. Мультфильм көру арқылы қызығушылықтарын тудыру. Балаларды мейрімділікке, байқағыштыққа тәрбиелеу.
Сәуір		
1 апта	«Жас жүргіншінің мектебі»	Балалармен жол жүру ережелін пысықтау. Жауапкершілікке тәрбиелеу.
2 апта	Қ Шағыр «Реттеуші» оқу.	Балаларды реттеуші мамандығымен таныстыру.
3 апта	Серуен Транспорттарға, бағдаршамға бақылау.	Көліктер бағдаршам арқылы өз бағыттарына жүре алады. Бағдаршамның қызылшамы жанған кезде көліктер жүреді, ал қызғылт сары түсті шамы жанған кезде көліктер тоқтап жаяу адамдар жүруге дайындалады, жасыл шамы жанған кезде жаяу адамдар жолдан өтуіне болатынын үйрету.
4 апта	Құрастыру «Бағдаршам»	Балалардың құрастыруға деген ынталарын арттырып, жол белгілері ережелерін есте сақтауға үйрету. Жұмыс барысында бір-біріне кедергі жасамауға, бастаған істерін тиянақты аяқтауға үйрету.
Мамыр		
1 апта	Әңгімелеу «Көліктер бізге қалай көмектеседі»	Көліктер түрлерін еске түсіру және олар адамдарға қандай пайда әкелетінің әңгімелеу.
2 апта	Дид/ойын: «Ақылды машиналар»	Адамдардың жұмыстарын жеңілтуде машиналардың көмегі туралы балалардың білімдерін бекіту. Істейтін қызметтеріне қарай машиналарды топтастыруға, аттарын дұрыс атауға үйрету, сөздік қорларын молайту: бульдозер, көтергіш кран, жедел жәрдем, ауыр жүк машина, қар тазалайтын машина т.б...

3 апта	«Жол тәртібін білейік»	Жалпы жол белгілерімен балаларды таныстыруды жалғастыру, жол белгілерін айыра білу дағдыларын қалыптастыру. Іс жүзінде қолдануға қызығушылықтарын тудыру, жолда жүру тәртібін сақтауға тәрбиелеу.
4 апта	КВН «Жол әліппесі»	Жол жүру ережелерін бекіту және оларды ойындарда қолдану. Балалардың тапқырлығын дамыту. Бір-бірін түсінуге, достыққа тәрбиелеу.

Тақырыбы: Серуен «Жолда абай бол!»

Мақсаты: Жол жүру ережелерін сақтауға үйрету. Далада, жолда мұқият болуға тәрбиелеу.

Әдіс- тәсілдер: түсіндіру, әңгімелесу, сұрақ-жауап, көркем сөз.

Барысы:

Сұрақтар:

-Жаяу жүргіншілер көшенің қай жерімен жүруі тиіс?

-Тротуардың қай жағымен жүру керек?

-Жолды қай жерден өтуге болады?

-Бағдаршамның қандай белгісі бойынша, яғни шамның қандай түсі жағылғанда жүруге, өтуге болады?

Балалардың көңілі, назарын жол белгілеріне аудартып, әр жол белгісі бойынша түсінік беру:

-Жаяу жүргінші жол бойында жиек жолдың он жақ шетімен жүруі керек. Егер көшенің шетінде жиек болмаса, келе жатқан көлікке қарсы бағыт ұстап жолдың сол жақ шетімен жүруі керек.

Егер сен тротуармен жүріп келе жатқанда жол жөнекей шалшық, су, шұңқыр немесе тағы басқа кедергі кездесе, оны тротуардан шықпай айналып өту керек.

Тротуар үстінде қандай да болмасын ойын ойнауға немесе жүгіруге болмайды. Бұл жаяу жүргіншілерге бөгет жасағанмен қатар, аса қауіпті де. Ойынға беріліп жүріп жүргін бөлікке не өзің шығып кетуің немесе өтіп бара жатқан біреуді итеріп шығарып жіберуің мүмкін. Тротуар –ойнайтын жер емес!

Жолды жол қозғалысы ережелерінде рұқсат етілген жерлерден ғана кесіп өтуге болады. Жаяу жүргіншінің жолдан өтуі үшін «жаяу жүргінші өтпесі» деп аталатын арнайы аумақтар бөлінген. Белгі көк түсті төртбұрыш ішіндегі ақпен боялған үшбұрыш. Оның ортасында жаяу жүргінші бейнеленген. Кейбір өтпелерде белгімен қатар жүргін бөлік үстінде өзіңе «зебра» деген атаумен белгілі ақ жолақтар салынады. Оның бұлай аталу себебі кәдімгі зебраның түсін еске түсіреді.

Көркем сөз:

Ұшқалақ бала ұрыншақ,

Ойлылық –соны ұғынсақ.

Машина алдын кеспесек,

Майып боп уайым шекпесек....

жетер едім, сөз жоқ, сонау аспанға.

Қимылды ойын: «Шамдар»

Мақсаты: Тез жүгіруге жаттықтыру, ұстамды болуға үйрету.

Еңбек: Жолда жатқан жапырақтарды жинап, белгілі орынға апару керек, ауланы тазалау.

Жеке жұмыс: Жол жүру тәртібінің ережесін орындауға үйрету.

Жұмбақ:

Менің үш көзім бар,

Бір көзім «кідір» дейді,
Бір көзім «жүгір» дейді,
Бір көзім «абайла» дейді,
«Қарап ал маңдайға» дейді.
(бағдаршам)

Тақырыбы: Көлік түрлері

Мақсаты: Көліктер туралы түсініктерін қалыптастыру. Балалардың ой-қиялын дамыту. Тілдерінің байланыстырып сөйлеуін жетілдіру.

Әдіс-тәсіл: Әңгімелеу, көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап.

Көрнекілік: Әртүрлі көлік түрлерінің суреттері, ойыншықтар.

Барысы:

-Бүгінгі сабағымызда көлік түрлерімен танысамыз. Ауамен- ұшақ, суда-кеме, қайық жүзеді. Жерде, көшеде – жүк машиналар, автобустар, машиналар, теміржолда – пойыз, трамвай жүреді. Осы көліктер әртүрлі мақсатта қолданылады. Бірі жүк тасыса, екіншісі адам тасиды.

Балалардың назарын ойыншықтарға аударту:

-Мынау қандай ойыншық? (машина)

-Машина қайда жүреді? (жолда, көшеде)

-Ол қандай дыбыс шығарады? (балалар машинаның дыбысын шығарады)

Машина.

Үлкен болдым десем де,

Ешкім маған сенбейді.

Жалғыз жүрме көшеде

Кішкентайсын сен-дейді.

Үлкенмін ғой, міне мен

Ойыншықтарды жинаймын

Машинама мінер ем,

Орындығына симаймын.

-Ал, мынау қандай ойыншық? (кеме)

-Кеме қайда жүреді? (суда)

-Қанеки, қолымызбен көрсетейікші.

-Су толқынымен былай-былай жүзеді екен. (балалар кеме болып жүзеді)

-Келесі ойыншық қандай? (ұшақ)

-Ұшақ қайда жүреді? (аспанда, ауада ұшады)

-Екі қанаты, аяғы бар екен.

-Ол қалай ұшады, қалай дыбыстайды екен?

-Төменнен жоғары қарай (ву-ву-ву)

Ұшақ.

Көкке ұшамын

Ұшқыш боламын.

Соңына ерген,

Ғарышкердей ағаның.

-Ал, мынау қандай ойыншық? (пойыз)

-Пойыз қайда жүреді? (теміржолда)

-Ол қандай дыбыс шығарады?

-Бум-бум, бум-бум, шик-шик, шик-шик. (балалар бір-бірінің артынан тұрып, пойыз болып жүреді, дыбысын шығарады.)

Қортынды:

Балалар жақсы көретін көлік түрлерінің суретін салады.

Тақырыбы: Жүк машинасы

Мақсаты: Қорапшалардан құрастыра, жүк машинасының құрылысы әрі пайдасымен таныстыру.

Құралдар: Дайын қорапшалар, желім, қылқалам, түрлі-түсті қағаз, түрлі көліктердің суреттері.

Барысы:

Дидактикалық ойын:

Тәрбиеші балалардың алдына екі көлік орналастырылған фланелеграф , ал жанындағы үстелге пішіні әр түрлі 3 шанақ (машинаның қорабы, кузовы) қояды.

-Келіңдер ойнайық . Міне екі автомобиль,бірақ олар шанақсыз. Сендер жүк тасушы машинаның жүргізушісі боласыңдар. Азық-түлік дүкенінің директоры телефон соғып наубайханадан батон, тоқаш,қара нан алып келуді сұрады. Дүкенге нанды кім апарады? Нан тасымалдау үшін қандай шанақ қажет?

Бала қажетті шанақты таңдап алып, автомобильдің рамасына орналастырады. Егер ол қателессе , келесі жүргізушіні шақырады.

Тәрбиеші:

-Міне, дүкеннен қайта телефон соғып жатыр. Олардың картоптары бітіп қалыпты.

Көкеністер қоймасынан картоп алып дүкенге тез жеткізуді өтінеді, -дейді. –Картопты тиеу үшін қандай шанақ қажет: ашық па әлде жабық па?

Көлемі ,пішіні әр түрлі екі шанақ салыстырылады. Неге нан тасымалдау үшін ашық шанақтың, картопты тасымалдау үшін ашық шанақтың қажет екендігі анықталады.

Ойынды жалғастыру.

-Басқа дүкеннің әкімшілігі дүкеннің қасына сусын әкеліп сатуды және дүкенге ет комбинатынан шұжық пен сосиска әкеліп беруді өтінді.

Балалар бір көлікке цистерна, екіншісіне шанақты тиейді.

Балалармен бірге қортынды жасалады. Тасымалданатын жүктердің түріне қарай түрлі шанақты көліктердің қажет екендігі туралы сөз қозғалады.

-Балалар, бүгін сендер қандай көлікке отырып жұмыс істегілерің келеді. Енді сол өздерің қалаған көліктеріңді құрастырыңдар.

Балалар көліктерін таңдап болған соң тәрбиеші оның жалпы пішінін,негізгі бөліктерін (рамасын, кабинасын,дөңгелектерін, шанағын) анықтап, қажетті материалдарды таңдап алуға көмектеседі.

Балалардың өзіндік жұмысы.

Балалардың жұмысын талдау.

Жұмыс соңында тәрбиеші балалармен бірге әрқайсысының құрастырған көлік түрлерін анықтайды. Енді осы көліктермен ойын ойнатуға болады. Ойын барысында көліктердің «қала» көшелеріндегі жол белгілеріне сәйкес дұрыс тұруын тексеріп, жол ережесін сақтау туралы әңгіме өткізеді.

Тақырыбы: «Жаяу жүргіншілер» Құрылыс материалдармен ойын.

Мақсаты:Көшеде жүру машықтарына баулу. Балалардың ойлау қаблеттерін дамыту.

Мейрімділікке,достыққа тәрбиелеу.

Қажетті құралдар: Құрылыс блоктар.

Барысы:

-Балалар жаяу жүргіншілер қандай жолмен жүреді? (тротуар)

-Ал, балалар көліктер жүретін жолдан жаяу жүргіншілер қандай белгімен өтеді? (бағдаршам немесе жолаушылар өткелі мен өтеді)

-Балалар өзеннен адамдар қалай өтеді? (көпір арқылы)

-Балалар, бізді құрылысшы ағай жаяу жүргіншілер жүретін көпірді жасауға көмектесуді өтініпті. Біз құрылысшы ағайға көмектесеміз бе? (балалардың жауабы)

-Ендеше, қане барлығымыз қатарға тұра қалайық та, аялдамаға барайық. Міне балалар біздің автобус да келіп келіп қалыпты. Жайғасайық.

Жүргізуші: Құрылысшылар аялдамасы.

Балалар автобустан түсуге дайындалады. Жолдан өту керек. Балалар тоқтап қалады.

-Балалар біз неге тоқтап қалдық? (бағдаршамның қызыл түсі жанып тұр)

Жасыл жанады. Балалар жолдан өтеді. Құрылысшы ағайға келеді. Амандасады. Ағай өзінің шақырған себебін айтып түсіндіреді.

Құрылысшы: Балалар мына заттардан көпір құрастырып жасауымыз керек. Қане, сендер көмектесіңдер ме?(көмектесеміз)

Құрылысшы рөлін педагог өзі орындайды.

-Ал,енді, көпір құрастыру үшін не істейміз? (көпірлердің суреттерін көрсету)

Балалар көпірлердің суреттерін қарап, көпірді қалай құрастыру қажеттігін ойланады.

Көпірдің бөліктерін атау: тіректері, жүретін бөліктері, сүйеніштері, төмен түсетін ылдиы)

Алдымен көпірдің тіреулері, содаң соң оның үстінгі бөлігі,төмен түсетін ылдилары, сүйеніштері, т.б. жасалады.

Құрылыс материалдарын кезектестіріп қойып, астынан машиналар ары-бері өтетіндей көпірді құрастырып көрсетеді. Балалардан көпірді құрастыру реті сұралады.

Балалар іс-әрекетке кіріседі.

Дайын болған құрылысты талдау кезінде тек тапсырманы орындау ғана емес, құрылыстың басқа түрін ойластырған балалардың жұмыстары көрсетіледі.

Вариативтік компонент

Тақырыбы: Жол белгісі.

Мақсаты: Балаларға жол белгісі туралы түсінік беру. Оларға өндіріске қажетсіз заттардан (киндердің қабықтарын, шырын-су ішетін түтікшелерді, чупа-чупстың таяқшалары) жол белгілерін жасауды үйрету. Ойыншықтардың жасалу жолдарын түсіндіру. Балаларды кішкентай бауырларына ойыншық жасап, сыйға тартуға еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Қажетті құралдар: киндердің қабығы, чупа-чупстың таяқшалары, шырын-су түтікшелері, түрлі-түсті қағаздар, фломастер, желім, скотч, салфетка, қылқалам, сіріңке қораптары.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, әңгімелету. Қажетсіз заттарды пайдалану жолдарын үйрету.

Алдын-ала жүргізілетін жұмыстар: жолда жүру ережелері жайында әңгімелесу. Қала көшелеріне мақсатты серуен ұйымдастыру.

Барысы:

Балалармен жол белгісі туралы әңгіме жүргізу. Оларға барлық белгілерді рет-ретімен айтып, сұрақ қойып, білімдерін тиянақтау.

а) ұсақ белгілерді құрастыру және бейнелеу арқылы түсіндіру:

-машиналарды жөндеу;

-медициналық жәрдем беру;

-тамақтандыратын пункт (белгі)

Ескерту:

б) қауіпті бұрылыстан өтпеу;

в) тыйым салынған жерден жол ережесін сақтап жүру.

2) Чупа-чупстың таяқшаларынан белгілер жасау.

3) Киндерге инемен белгі салу.

4) Жол белгілерін жинау.

-Жол тәртібі кімге керек? Бірге ойланып көрейік. Біліміңді сарапқа сал. Біз етейік төрелік.

Әрқайсысына әділ баға берейік. Ережені жақсы білген ортаға шық, қанеки.

Ортаға бағдаршам, ескерту белгісі, тыйым салу, көрсеткіш, анықтама белгілері шығады.

Бағдаршам:

Менің атым «бағдаршам»-

Мекен-жайым тұрақты.

Жақсы білем міндетімді.

Мүдірмеймін ешқашан.

Жол сілтейтін белгілер төрт топқа бөлінеді.

Ескерту белгісі:

Үш бұрышты қызыл

Бояумен көрінсем, абайла!

Жол бойында қауіпті түс

Алдан шығар дегенді

Айтар, мен ескерту белгісі.

Тыйым салу белгісі:

Дөп-дөнгелек

Қызыл шеңбер-мен

Керінсем «Тоқта, қане!»-

Деп жар салар, «Тыйым»

салу белгісі мен боламын.

Көрсеткіш белгісі:

Дөп-дөнгелек

Шеңбер-мен көрінсем-

«Жол ашық!»

Мен көлік пен жаяу адам жүрер жолын нұсқаймын.

Анықтама белгісі:

Белгімін көрсетер

Жылдамдық пен бағытты
Ылғи мен бұрылыс,
Қатер мен қауіпті!
Барлығын анықтап
Көрсетіп тұрамын.

Жол инспекторы балаларға жетекші сұрақтар қойып, алған білімдерін тиянақтайды.

Инспектор: Балалар, сендердің білімдеріңді байқау үшін «Бағдаршам» сендермен ойнайды:

Ойын: «Бағдаршам»

Шарты: Барлық балалар дөнгеленіп тұрады. Бағдаршам қызыл түсін көтергенде – бір адым артқа, сары түсті көтергенде – сол орында тапжылмай тұрады. Жасыл түсті көтергенде бір адым алға жылжиды.

Соңында бәрі «Жол ережесіне» байланысты көрмені аралайды.

Жұмыс барысында тәрбиеші балаларға көмегін тигізіп, әсіресе инемен жұмыс кезінде абайлау керектігін ескертумен бірге жасалған жұмыстарды бағалап, мадақтау.

Тақырыбы: Бағдаршам біздің досымыз!

Мақсаты: Жолда жүру ережесіне сәйкес бағдаршамның атқаратын жұмысы туралы түсінігін дамыту. Көшедегі кеңістікті бағдарлай білу дағдысын, жолда жүру ережелерін үйрету арқылы, жолда жүрудің тәртіп ережелерін қалыптастыру. Алған білімдерін іс жүзінде қолдануға, зейінді, епті болуға тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап.

Қажетті құралдар: жол белгілері, бағдаршам.

Барысы:

-Балалар, жасыл желекке бөленген кең көшелері бар, қиылыстары бар әдемі қалада тұрамыз. Көшелерде көптеген көліктің түрлері: жеңіл машиналар, автобустар, жүк машиналар жүреді. Бірақ олар бір –біріне кедергі жасамайды. Өйткені көлік жүргізушілер мен жаяу жүргіншілерге арналған қатаң ереже бар. Көшенің бір Көшеде жолаушылар өткелі қалай белгіленеді? (ақ бояулы шетінен екінші шетіне өту оңай емес. Ол үшін бізге не көмектеседі деп ойлайсыңдар?)

-Бағдаршам көмектеседі.

-Бағдаршам көшенің қай жерінде орналасқан?

-Жолдың шетінде, жолдың бұрышында орналасқан.

-Сендер өздерің бағдаршам туралы не білесіңдер?

1 бала: Сойлеуді ол білмейді,
Бірақ, тоқта, жүр-дейді. (бағдаршам)

2 бала: Менің атым бағдаршам
Мекен- жайым тұрақты.
Жақсы білем міндетімді
Мүдірмеймін ешқашан.

3 бала: Қызыл көзін ашқанда
Сынық сүйем баспа алға.

4 бала: Сары көзін ашқанда
Қарап қалма аспанға.

5 бала: Жасыл көзін ашқанда
Өте бергін жасқанба.

«Қалаға саяхат» ойынын ойнау.

Шарты: Балаларға сұрақтар қою. Балалар ойланып жауап береді. Жақсы жауап берген бала ойында жеңіске жетеді және жолда жүруге «рұқсат» белгісін алады.

1. Қалада адамдар қандай жермен жүру керек? (жолдың шетімен немесе жер асты өткелімен жүреді)
2. Өткел дегеніміз не? (Көшелер қиылысатын жер)
3. Жолаушылар өткелі дегеніміз не? (көшені қиып өтетін жер)
4. Велосипедті қай жерде тебу керек?(балалар алаңында, аулада тебеді)
5. Кішкене балаға көшеге шығуға бола ма?(жоқ, өйткені ол адасып кетеді немесе машина қағып кетуі мүмкін)
6. Допты қай жерде ойнау керек? (спорт алаңында ойнау керек.)
7. Егер көліктің терезесі ашық болса, одан басты немесе қолды шығаруға бола ма? (жоқ болмайды, өтіп бара жатқан көлік іліп кетуі мүмкін)

жалпақ жолақтармен белгіленеді)

8. Көше тәртібін бағдаршамнан басқа кім басқарады? (демеуші инспектор басқарады)
9. Оның таяғын көтеруі ненің белгісі? (онда көліктер тоқтайды)
10. Ол бізге теріс немесе тура қарап тұрса ол нені білдіреді? (өтуге болмайды деген белгі)
11. Бағдаршамның қай көзі біздің досымыз?(жасыл көзі досымыз, ол бізге әрқашан көмектеседі)

-Балалар сендер реттеуші ағаларың туралы не білесіңдер?

Бүгін де, кеше де
Көрдік бір ағаның
Жүрісті реттеп
Тұрғанын көшеде.

(реттеуші ағаның суретін көрсету)

«Бағдаршам» ойыны:

Шарты: Жасыл түсті көтергенде –шенбермен жүресіңдер, сары түсті көтергенде- қол шапалақтап отырасыңдар. Қызыл түсті көтергенде –орнымызда тұрамыз.

-Сонымен, бағдаршам біздің ең жақын досымыз екен, қане бәріміз бірге айтайық:

Ашса кезек үш көзін,
Айтты деп ұқ үш сөзін
Тоқта! Сақтан! Жол ашық!

-Балалар, сендер бүгінгі сабаққа өте жақсы қатыстыңдар, осымен сабағымыз аяқталды, сендерге көп рақмет!

Тақырыбы: М. Жаманбалинов «Шофер» (оқу)

Мақсаты: Жүргізушінің қызметін әңгімелеу. Жүргізуші маманың сыйлауға, құрметтеге тәрбиелеу.

Көрнекілік: суреттер.

Әдіс-тәсіл: түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап.

Барысы:

М.Жаманбалиновтің «Шофер» өлеңі оқу.

Отырмын рульде,
Моторым гүрілде!
Ойыншық машинама,
Тарт алға асыға.
Сенімен тасимын
Көмір мен тасыңды.
Таудай ғып артамын,
Бидайды, арпаны.

Біркелкі зулаймын,
Тым шұғыл бұрмаймын.
Дөңес пе, еңіс пе,
Бұдыр ма, тегіс пе,
Мұқият барлаймын.
Жолдан көз алмаймын.
Шоферлер, себебі,
Қырағы келеді.

Ал тоқта, машина,
Қырманың басына!
Түріп мен білекті,
Қолға алып күректі,
Бидайды, арпаны
Өзім-ақ артамын.
Шоферлер, себебі,
Еңбекқор келеді.

Ал, шофер, машинаң
Тартты қос басына.
Жебедей зуласын,
Асаудай туласын,
Педальды басып қал!
Айтпақшы асықпа!
Шоферлер, себебі,
Сабырлы келеді.

-Балалар бұл өлең не туралы? (балалардың жауабы)

-Шоферлар қандай жұмыс атқарады? (балалардың жауабы)

-Балалар сендер қалай ойлайсыңдар, шоферлардың жұмысы ауыр ма? (балалардың жауабы)

-Неге? (балалар жауаптарын дәлелдейді)

-Балалар, шоферлар жол жүру ережесін сақтау керек пе? Неге? (балалардың жауабы)

-Балалар, сендер бүгінгі сабаққа өте жақсы қатыстыңдар, осымен сабағымыз аяқталды, сендерге көп рахмет!

Вариативтік компонент

Тақырыбы: Көше қиылысына саяхат. (серуен)

Мақсаты: Балалардың бағдаршам туралы түсінігін пысықтай отырып, жолда жүру ережесімен одан әрі таныстыру, көшелер туралы ұғымды кеңейту, көшедегі көліктердің қозғалысына көңіл аударту, үлкендердің еңбегімен таныстыру. Көргендерін өз сөздерімен әңгімелеп айта білу, есте сақтауын, ойын, көше қиылысы туралы ұғымын арттыру.

Әдіс-тәсілдер: Көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, көркем сөздер, әңгімелеу.

Барысы:

Балалардан өздерінің көше тәртібі туралы не білетіндерін сұрап жауап алу, жауаптарын толықтыру.

-Балалар, біз қандай көшемен келе жатырмыз? (балалардың жауабы)

-Көшеде келе жатқан адамдарды кімдер дейді?

-Жаяу жүргіншілер дейді.

-Яғни, біз көшемен келе жатырмыз, біз де жаяу жүргіншілерміз.

-Көліктерге кедергі жасамау үшін, жаяу жүргіншілер көшеде қалай жүру керек?

-Көшеде жай жүру керек және жолдың оң жақ жиегімен жүру керек. (Балаларға жолдың жиегін көрсету)

Балалардың көңілін көше бойындағы дүкендерге, аялдамаларға аудартып, олардың аттарымен таныстыру, үлкендердің еңбегіне көңіл аудартып, еңбектің түрлерімен таныстыра кету, бақылау.

Балаларды жолдың оң жақ шетімен біраз жүргізіп, керісінше бұрып, қол ұстасқан күйлерінше тағы да оң жақ жиекке алып алып шығу, яғни балаларда жаяу адамдардың тек қана жолдың оң жағымен жүру керек деген түсінігін қалыптастыру мақсатында жүргізу. Балаларды көше қиылысына алып келу, олардың көңілін көше тәртібіне аудару:

-Балалар, жолда жалпақ, ақ жолақшалар белгіленген, олар жолдан өту белгісі. Тек осы жермен көшеге өтуге болады. Қане, бағдаршамға қарайық. Естеріңе түсіріңдер, қызыл көзі нені білдіріп тұр?

-Өтуге болмайды дегенді.

-Сары көзі жанды, ол нені білдіреді?

-Өтуге дайындал дегені.

-Міне, жасыл көзі жанды не істейміз?

-Өтеміз (балаларды өткізіп көрсету.)

-Балалар, жолдың ортасында ақ сызықшалар белгіленген. Ал көліктер екі жақта да қозғалыста екен.

-Ол қандай қозғалыс? (білмесе көмектесу)

-Екі жақты қозғалыс деп аталады.

-Енді, қараңдар, адамдар осы екі жақты қозғалыста, жолдан өтпес бұрын, бірінші сол жағына қарайды, жол ортасына келгенде оң жағына қарайды. (бақылау)

Егер бір бағыттағы қозғалыс болса, көлік келе жатқан жаққа қарау керек екенін түсіндіру.

Біраз уақыт жаяу жүргіншілер мен көліктердің қозғалысын бақылату.

Саяхатты аяқтай отырып, қортынды жасау:

-Балалар, көшелер қиылысатын жерді не дейміз?

-Қиылыс деп атаймыз.

-Балалар бағдаршамның жасыл көзі жанғанда ғана арнайы жолдан өту белгісімен өтеді екенбіз және қаламызда көшелер көп, сол әрбір екінші бір көшемен қиылысатын жер «көше қиылысы» дейміз. Естеріңнен шығармандар.

Бағдаршам туралы жұмбақ шешу:

Бір көзі тұр дейді

Бір көзі жүр дейді. (бағдаршам)

Балалар бағдаршам туралы тақпақтар айтады:

Ашса кезек үш көзін
Айтты деп үк үш сөзін:
Тоқта! Сақтан! Жол ашық!

Жүрме жолға таласып.
Қызыл көзін ашқанда,
Сынық сүйем баспа алға
Сары көзін ашқанда,
Қарап қалма аспанға
Жасыл көзін ашқанда
Өте бергін, жасқанба!

Тақырыбы: Көшеде жүру ережесі.

Мақсаты: Балалардың көшеде жүру ережелері туралы білімдерін кеңейту. Үстел үсті ойыны арқылы бағдаршам, негізгі жол, жиек жол, жол өткелдері, машина, көлік түрлері жайында нақтылай білім беру. Бағдаршамның не екенін, неше түрі болатынын, қандай пайдасы бар екен жөнінде толық мағлұмат беру. Қарапайым көшеде жүру ережелерін естеріне сақтау. Өзара сыпайы, ізетті болуға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Көше қиылысының макеті, машина түрлері, бағдаршам, қылқалам, желім, ақ қағаз, түрлі-түсті қағаз.

Әдіс-тәсілдер: Түсіндіру, сұрақ-жауап.

Барсысы :

Балалар топқа кіріп, үстелдің екі жағын айнала отырады.

Кіріспе әңгіме: Жас инспектор есікті ашып ішке кіреді. Қасында жаралы аю. Өзі жылап келеді.

Жас инспектор: Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Балалар: Сәлеметсіз бе!

Инспектор: Балалар, мені таныдыңдар ма?

Балалар: Жол тәртібін ретке келтіруші инспектор ағайсыз.

Инспектор: Иә, дұрыс. Мен жолда жүру ережесін ретке келтіремін. Балалар, жаңа мына аю жол ережесін бұзған екен. Жылап тұрған аю жол ережесін бұзды, оған жолда жүру ережесін үйретейік. Сендер аюға көмек бере аласыңдар ма? Аю көрсін. (балалардың жауабы)

Инспектор: Сендер жолда жүру ережесін, бағдаршамның не екенін, қандай пайдасы бар екенін білесіңдер ме? Мына аю жол ережесін бұзғаны үшін денесін жарақаттап алды. Аю жолда жүру ережесін білмейді екен. Сендер көмектесесіңдер ме? (балалардың жауабы)

- Инспектор ағай, бізге қонаққа келіңіз, төрлетіңіз. Қазір балалармен жолда жүру ережесін талқылаймыз. Балалар, мына аю және инспектор ағаймен жолда жүру ережесі туралы өз білімімізбен бөлісейік. Аю келесіде жол ережесін бұзбайтын болады.

-Балалар жолдан қалай өту керек?

Балалар: Бағдаршамнаң немесе жаяу жүргінші өтпесінен.

-Бағдаршам жарықтарының қызметін айтып бере аласыңдар ма?

Балалар: Бағдаршамның жасыл жарығы жанса жүреді, сары жанса- дайындалады, қызыл жанса-бір орында тұрады.

Ойын: «Қызыл, сары, жасыл»

Шарты: Бөлменің нақ ортасына бағдаршам қойылады. Балалар екі топқа бөлінеді.

Бағдаршамның жасыл көзі жанғанда –орнымыздан жүреміз. Сары көзі жанғанда – аяғымызды жүгірген сияқты қозғалысқа келтіреміз. Қызыл көзі жанғанда балалар бір орында тұрып қалады. Балалардың санына байланысты қайсы топта көп бала қалса, сол топ жеңіске жетеді. Оларды мақтап сыйлық береміз.

Бір бала бағдаршам туралы тақпақ айтады:

Бағдаршам қамқоршындай жанашыр,

Деп тұрғандай басқаларға жол ашып.

Кезек ашып, жұмғанында үш көзін,

Қалт жібермей дәл орнында тос өзін.

-Аю, сізге біздің бағдаршам туралы ойынымыз ұнады ма? Түсініп отырсыз ба?

Аю: Иә, барлығы түсінікті болды.

- Жақсылап, ойнап алдық, енді осы бағдаршамды, қағаздан бүктеу арқылы құрастырайық. Содан кейін осы бүктелген нәрсеге бағдаршамның үш көзін жапсырамыз. Осындай бүктеу, құрастыру, жапсыру арқылы бағдаршамды есте сақтаймыз.

Балалардың жеке жұмысы.

Істелген бағдаршамды аю мен инспекторға көрсетіп, қонақтарға сыйға тарту.

-Бүгін біз «Бағдаршам» жөніндегі білімімізді пысықтадық. Аю мен инспектордың қонаққа келіп көргендері үшін рақмет айтамыз.

Тақырыбы:Өткен сабаққа тоқталу.

Мақсаты:Ойындар арқылы өткен сабақтарды пысықтау, оларды жүзеге асыра білуге үйрету. Жолда жүру ережесін білуге, есте сақтауға тәрбиелеу.

Құралдар: Бағдаршам, жаяу адам жүретін макеті,негізгі жол, жиек жол.

Әдіс-тәсілдер: Ойын түрінде көрсету,түсіндіріу, сұрақ-жауап.

Барысы:

Балалар шеңбер жасап тұрады.

-Балалар мен сендерге жақсы тілек тілеп, өз жылуымды беріп, «Ашық аспан тілеймін», ал сендерде бір-бірлеріне өз жылуларынды беріңдер.(балалар бір-біріне жылы сөздер айтады)

-Қала көшелерінде жүйіткіген автомобильдер, автобустар, жүк машиналар, мотоциклдер жүреді. Жүргізушілер жол апатына ұшырамау үшін, жол ережесін сақтау керек.

-Өмірімізді қатерден сақтайтын көшедегі көмекшіміз не? (бағдаршам)

- Бағдаршамның неше көзі бар? (балалардың жауабы)

-Көздері қандай геометриялық пішінге ұқсайды? (балалардың жауабы)

-Балалар біз қазір «Қызыл, сары, жасыл» деген ойын ойнаймыз.

Шарты: Жасыл көзі жанғанда-орнымыздан жүреміз, сары жанғанда-қол шапалақтаймыз, қызыл жанғанда-бір орында тұрып қаламыз

-Көше қиылыстарынан қалай өтеміз? (арнайы белгі арқылы)

-Бағдаршам болмаса, көшенің келесі бетіне қалай өтеміз? (алдымен сол жаққа қарап, жолдың ортасына жеткенде оң жаққа қарап өтеміз)

-Балалар қай жерде ойнауы керек? (арнайы алаңдарда)

Ойын: «Жүргізушілер мен жолаушылар»

Шарты: Екі баланы жүргізуші етіп тағайындап, қызыл жанғанда жүреді, арнайы белгіге келгенде жасыл жанады, жолаушыларды өткізулері керек, қызыл жанғанда негізгі жолмен жүріп, өтіп орындарына барады.

Сергіту жаттығуы:

Бағдаршам жанса қызыл боп,

Өтуге жолдан болмайды.

Егер ол жанса жасыл боп,

Өт деп сені қолдайды.

Ойын: «Есте сақта»

Шарты: Торкөздерді қызыл,жасыл, сары дөнгелектермен жауып, бағдаршам құрастыру.

Ойын-жаттығу: «Кім жылдам»

Бағдаршамды қарындаш немесе фломастермен бояу.

Жұмбақ шешу:

Сөйлеуді ол білмейді

Бірақ тоқта, жүр дейді. (бағдаршам)

Төрт аяғы дөнгелек

Адамсыз ол жүрмейді (машина)

Менің үш көзім бар

Бір көзім кідір дейді

Бір көзім жүгір дейді

Бір көзім абайла дейді

Қарап ал, маңдайға дейді. (бағдаршам)

Үзеңгісін тептім,

Зымырап кеттім. (велосипед)

-Балалар велосипед те көлікке жатады. Олай болса, жарысып көрейік . Кім бірінші келсе, сол жеңімпаз атанады.

Сабаққа жақсы қатысқандарды атап, мадақтау.

Тақырыбы: Жол белгілері еліне саяхат

Мақсаты: Жолда жүру ережелері туралы алған білімін тиянақтау. Жол белгілерін айыра білу дағдысын қалыптастыру, алған білімдерін іс жүзінде қолдануға қызығушылықтарын тудыру. Балаларды мейрімділікке, байқағыштыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Жол макеті, жол белгілері, бағдаршам, алдын ала әзірленген киімдер, ойыншық машиналар.

Әдіс-тәсілдер: Ойын, сұрақ-жауап, театрлау.

Барысы:

Шаттық шеңбері:

Балалар шеңберге тұрып, қимылмен көрсетеді.

Армысыз, қайырлы күн!

Армысыз, қайырымды Аспан-ата!

Армысыз, мейрімді Жер-Ана!

Армысыз, шұғылалы Алтын-күн!

Қуанайық, шаттанайық бәріміз!

Күліп шықты күн бүгін!

Бәріміз күндей жарқырайық!

Бәріміз тату болайық!

-Балалар, бүгінгі күнімізде сендерге сәттілік тілеймін. (Осы кезде есік қағылып хат келеді)

-Балалар, бізге хат келіпті. Қане, оқиық. «Біз жол белгілері елінің тұрғындарымыз. Біздің жол белгілерін мыстан кемпір сиқырлап тастады. Енді біздің елімізде жол апаттары болып жатыр. Бізге көмектесіндер! Сәлеммен Жол белгілері елінің тұрғындары.» Көрдіндер ме, жол белгілерсіз, бағдаршамсыз жолда жүру өте қиын. (балалардың жауабы)

-Олай болса, біз автобуспен «Жол белгілері еліне» саяхатқа барамыз. Балалар, көлікте, автобуста жүру ережелерін есімізге түсірейік.

1. Автобуска, трамвайға артқы есіктен кіріп, алдыңғы есіктен шығу керек

2. Жасы үлкендер мен кішкентай бөпелі адамдарға орын беру керек.

3. Автобуста айқайлап сөйлеуге, қатты күлуге болмайды, ол әдепсіздікке жатады.

4. Ашық есіктен, терезеден басты шығарып, қолды созуға болмайды, олай істеу қауіпті.

Бір кезде Алдаркөсе мен Шығайбай кіріп келеді.

Алдаркөсе жан-жағына қарап амандасады.

Шығайбай: Әй, Алдаркөсе, мынау не қып қаптап кеткен домалақ қоңыздар!

Алдаркөсе: Әй, байеке, есекті өлтіріп, жаңа техниканы келтіріп, желмен жарысқан машиналар ғой, бұлар. Байқаңыз, таптап кетіп жүрмесін.

Шығайбай: Енді не істедік? Қалшыып тұрғанымызда бір қоңыздың астында қалып жүрмейік. Мен қорқамын. (жан-жағына қарайды)

Алдаркөсе: Менің атым Алдар екенін білмейсіз бе? Мен не айтсам, қазір сол болады.

Бәйеке қараңыз! Машиналар тоқтандар! (жасыл жарық жанып тұрады) Ал, жүрейік!

(Артына қарап) Машиналар жүріндер! (жасыл жарық жанып, машиналар жүреді)

Шығайбай жарықтардың өзгергенін байқамайды.

Шығайбай: Мына Алдар керемет қой.

Тәрбиеші: Балалар! Алдаркөсе дұрыс айтып тұр ма?(жоқ, Алдаркөсе Шығайбайды бағдаршамға қарап өткізіп тұр)

Шығайбай: Бағдаршам? Ол не нәрсе, өзі қайда тұр?

Балалар Шығайбайға бағдаршам туралы түсінік береді.

Шығайбай: Түсінікті, түсінікті

Біліп алдым мен де;

Жасыл жанса демде

Алға кетем лезде.

Тәрбиеші: Өте дұрыс. Онда автобуска мінейік, сапарға аттанайық.

Үнтаспадан музыка ойналады, Автобустан түскенде алдарынан Жол белгісі (бала болуы мүмкін) шығады.

-Балақай сен кімсің, не болды?

Жол белгісі: Мен жол белгісімін. Мені және менің достарымды мыстан кемпір сиқырлап тастады. Мына жұмбақты шешкенде ғана менің сиқырым кетеді. (қолындағы қағазды ұсынады)

Тәрбиеші: Ілулі тұрған не белгі? Машинаға «Топта!» деген белгі берді. Жол үстіне ақ-қарамен сызылған жолақтар Жаяуларға «Өтіндер!» деп белгі береді. (жаяулар өтпесі)

Тәрбиеші: Балақай қалған достарыңа барайық, оларға көмектесейік.

Үйдің ішінен жол белгілер бір-бірлеп шығады:

Бір ғажабы –бұл жерде

Бір нәрсені ел күтеді

Отырады біреуі

Тік тұрады біреуі

Неғылған жер бұл өзі

Айтындар кім біледі?

Балалар: Аялдама.

Келеді Асан зулатып
Велосипедтің үстінде
Бар ма екен оған рұқсат
Қай белгі тұр оны нұқсап?
Балалар: Велосипед жолы.

Жолдағы жол белгісі

Темір жолдың белгісі

Белгіде бір жұмбақ бар

Өткелден де қауіпті

Бұл не нәрсе? Тауып көр.

Балалар: Шлагбауымсыз темір жол.

Іші ауырды Айбардың
Сірә, үйіне жете алмас
Қандай белгі таба аласың
Мұндай кезде қиналмас.
Балалар: Емхана.

Аудан, мектеп, үй, стадион

Салынып жатқан жерлерде

Тура жүрсең түсетін

Шұқырлар бар жерлерде

Жүйіткіген жол үстінде

Қандай белгі тұрады?

Балалар: Жаяулар жүруге болмайды.

Жол белгісінің біреуі: Рахмет балалар, сиқырымызды шештіңдер.

Тәрбиеші: Жол белгілері, бір-бірімен араласып кетіпті, қане, реттейік.

-Жол белгілері нешеге бөлінеді? Олардың түрі қандай? (балалардың жауабы)

-Енді балалар, біз осы белгілерді өз орын-орындарына қояйық.

Ойын: «Жол белгілерін қой»

Шарты: Балалар көше макетін мұқият қарайды. Қай жерге қандай белгі қою керектігін айтқыза отырып жол белгілерін қояды.

Алдаркөсе мен Шығайбай балаларға жол белгілерін қоюға көмектесіп, қоштасып кетеді.

Тәрбиеші: Балалар біз де аялдамаға барып, автобуска отырып, тобымызға қайтайық.

Балалар өз орындарына жайғасқаннан кейін сұрақтар қою:

1. Жаяу жүріп келе жатқан адам кім болады?
2. Автобустар тоқтайтын жер?
3. Пышақ пен шанышқының суреті бар белгі?
4. Жолдардың түйісуі? Топқа келген соң, балалар жол белгілерінің суреттерін салады.

Тақырыбы: Мен –көшедемін.

Мақсаты: Жолда жүру ережелері туралы мағлұматтар беру, алған білімдерін іс жүзінде қолдануға қызығушылығын тудыру.

Барысы:

Балалар шеңберге жиналып , Көкшетау қаласының картасына қарап, аялдама атын хабарлай отырып, жұмбақ жасырады.

Жұмбақ:

Қызыл көзін ашқанда,
Сынық сүйем баспа алға.
Сары көзін ашқанда,
Қарап қалма аспанға
Жасыл көзін ашқанда,
Өте бергін жасқанба.

(бағдаршам)

-Балалар, біздің қаламызда қозғалыс көп болса да, бір-біріне кедергі келтірмейді. Жаяу жүргіншілер де және көлік жүргізушілері жол ережесін қатан түрде сақтайды.

Көшенің екінші бетіне өтудің өзі жай емес, бұған бізге бағдаршамның үш көзі: жасыл, сары, қызыл көмектеседі.

Бағдаршам өшіп қалған жағдайда тәртіпті реттеуші жүргізеді. Реттеушінің қолында таяқшасы болады.

Көше немесе жол заңы деп «Жолда жүру ережесін» айтып кету. Ол адамның қалай болса солай жүргенін кешірмейді, ол адамдардың өмірін сақтайды.

Ойын: «Бағдаршам»

Шарты: Балалар бірінші бағдаршамға қарайды, бағдаршам түстері туралы білімдерін еске түсіреді. Содан кейін бір бала бағдаршам болады. Қалған балалар машиналар мен адамдар болады. Олар бағдаршамның белгісі бойынша қозғалу қажет.

Балаларға жол белгілері туралы түсінік беру. Балаларға алдын ала дайындалған дөңгелек шеңбер, үшбұрыш және басқа да әртүрлі белгілерді көрсете отырып, олардың жол бойларында, көшелерде ілініп тұратынын айту. Бұлар –жол белгілері. Бұл белгілердің арнайы жарқырап көрінетінін, белгілердің тиімділігі-жол бойның нағыз хабарландырушысы екенін айту.

Жол белгілері бірнеше топқа бөлінеді:

-Ескерту белгілері, үшбұрышты қызыл бояумен көмкерілген, бұл белгілер жол бойында қауіпті жерлер бар дегенді білдіреді.

-Тыйым салу белгілері, дөңгелек шеңбер түрінде, қызыл бояумен беріледі. Ол қозғалыс атаулының бәріне тыйым салады.

-Көрсеткіш белгілері, дөңгелек шеңбермен беріліп, көк бояумен көмкерілген. Бұл белгілер көліктің жүру бағытын, жаяу адамдардың жүруіне болады дегенді білдіреді.

Ойын: «Жол белгілері»

Шарты: Балаларға әр түрлі жол оқиғалары бейнеленген карточка беріледі. Олар суретке сәйкес келетін жол белгілерін табу керек және өз іс-әрекетін түсіндіреді.

Қортынды:

Есіңе сақта!

1. Көшеден өтерде арнай жерден, бағдаршамның жасыл көзі жануын немесе реттеушінің белгісін күт.
2. Жол қиылысында абай бол.
3. Көшеден тек жаяулар өтпелері бойынша өт.
4. Көшелер мен жолдарда шанамен сырғанап ойнама.
5. Көшеде бейтаныс адамдармен сөйлеспе және ілесіп кетпе.

Тақырыбы: Сюжеттік-рольдік ойын «Автобус»

Мақсаты: Қоғамдық көліктерде айғалауға, қатты сөйлесуге болмайтынын ескерту.

Автобуска кіргенде үлкен адамдарға, қарт әже мен атаға орын беру. Көліктерде қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу.

Қажетті атрибуттар: Қалпақ (қағаздан жасау), руль.

Ойын шарты:

Бір баланы автобус жүргізуші, екіншісін тексеруші етіп тағайындайды. Қалған балалар жүргіншілер. Егер ойын бөлмеде өткізілс, орындықтар екі қатар етіп қойылады. Борменен еденге алдыңғы, артқы есік белгісін, яғни екі паралель сызығын сызады. Аялдамада тосып тұрған жүргіншілер артқы есіктен кіріп, біртіндеп қолдарындағы абонементтерін кмпостерге тесіп (қағаз тесетін тескішті пайдалануға болады) орындарына отырады.

Жүргізуші рөліндегі бала Ж Әбдирашевтің «Шофер» тақпағының бір шумағын айтады.

Шофермін, жарысқан желменен.

Және де күштімін мен деген.

Мынаны қара деп, бала деп,

Тұрмаңдар көлденең бееп-бееп.

Жүргізуші «ал кеттік»

деп, аузымен мотордың дүрілін салып (тр-тр-тррр-тр-рр) жүргізеді.

Біраз жүрген соң, келесі аялдамаларды (дүкен, дәріхана, теміржол, т.б.) –деп

микрофонмен хабарлағанда, әр аялдамада бірнеше немесе бір баладан түсіп отырады.

Автобустың ішінде келе жатқанда балалармен өздерін тәртіпті ұстауға, бар дауыспен сөйлесуге, қатты күлуге болмайтының әңгімелеу.

-Балалар көліктің ішінде келе жатқанда, терезеден басты немесе қолды шығаруға бола ма? Неге? (балалардың жауабы)

-Автобустың ішіне қоқыстарды тастауға бола ма? Неге? (балалардың жауабы)

-Автобустан түскен соң, көшенің келесі жағына қалай өтесің? (балалардың жауабы)

-Автобустың аялдамадан өтуін күтіп, жолдың екі жағына кезек қараған соң өту керек.

Жақын манда жаяу жүргіншілер жолы немесе бағдаршам болса, сол жерден өту керек.

-Балалар, көшеде ойнауға бола ма? Неге? (балалардың жауабы)

Тексерушісі рөлін алғашқы кезде тәрбиеші өзі атқарады. Балалар автобустан түскенде қолдарындағы абонементтерін жинап алады.

Автобустан түскен балалар «дүкен», т.б. орындарға кіріп, оны- мұны сатып алып, тағы да аялдамаға келіп тосады. Ойынды осылайда қайта жалғастыруға болады.

Тақырыбы: Балалармен әңгіме «Мен көліктер туралы не білемін.»

Мақсаты: Көліктер туралы түсініктерін қалыптастыру. Көліктердің тарыхын әңгімелеу. Балалардың ой - қиялын дамыту.

Көрнекіліктер: Суреттер, ойыншық көліктер.

Барысы:

-Балалар ертеде көліктер болмаған. Адамдар алыс сапарға бару үшін атты, түйені, итті қолданған. Аспен ауыр жүктерді арбаға салып тасыған. Бертін келе адамдар әр түрлі көліктер ойлап шығарған.

-Балалар, сендер қандай көлік түрлерін білесіңдер? (балалардың жауабы.)

Тақтаға түрлі көліктер түрлері бейнеленген суреттер ілу.

- Балалар мына суретте нелер бейнеленген? (балалардың жауабы)

- Барлығын бір сөзбен қалай атаймыз? (балалардың жауабы)

- Көлік дегеніміз не? (балалардың жауабы)

Тақтадағы кейбір суреттерді, теріс қаратып қою, жасырынып тұрған көліктер туралы жұмбақтар жасыру.

Төбесінде ебелек,

Ұшады өзі керемет. /Тікұшақ/

Табанында жолы бар,

Төбесінде қолы бар. /Трамвай/

Құстан аумайды,

Көкке заулайды, (ұшақ)

Сымға асылып,

Жүр асығып./троллейбус/

Жапанда бір жолаушы аузын ашып,

Аяғын келе жатыр жылдам басып,

Жарқырап маңдайында екі көзі,

Ілезде жеткізеді жерге қашық. (автомобиль)

Ойын-саяхат: Балалар біз саяхатқа шықтық деп ойлап көрейік.

- Көрші қалаға бару үшін қандай көлік түрін таңдар едіңдер?

Балалардың зейінін олардың ортақ белгілеріне аудару.

- Ортақ белгілері не? (балалардың жауабы)

- Оларға дөңгелектер не үшін керек? (балалардың жауабы)

- Бір сөзбен бұл көліктерді жерде жүретін көліктер дейміз.

- Ал, егер біз алыс елге Индияға т.б жерлерге баратын болсақ, ол жаққа қалай жетеміз? (балалардың жауабы)

- Ұшақтың жанына тағы нені қоюға болады? (балалардың жауабы)

- Олар қайда ұшады? (балалардың жауабы)

- Аспанда ұшатын көліктерді бір сөзбен қалай атар едіңдер?

-Әуеде ұшатын көліктер дейміз.

- Енді тақтадағы қалған көлік түрлеріне қараңдар да, аттарын айтыңдар?

- Кеме, қайық.

-Олар не үшін?

- Адам және жүк тасымалдайды.

-Қайда жүзеді? (балалардың жауабы)

-Бір сөзбен олар суда жүзетін көліктер.

Балалар тақтадағы барлық суреттерді топтастырады:

- Пойыз, автобус, жеңіл машина - дөңгелектері бар.

- Жүру үшін

Балалар жерде жүретін көліктерді бөлек алып қояды.

- Ұшақ, тікұшақ- қанаттары бар.

- Әуеде ұшатын деп айтамыз.
 - Тепловоz, кеме, катер, қайық –олар суда жүзетіндер.
- Біз бүгін көлік туралы білдік. Оларды 3 топқа қандай белгілеріне қарап бөлдік?
- Жерде, суда, әуеде жүретін деп бөлдік.
 - Балалар сендер ержеткенде кей біреулерің көлік құрастыратын мамандық иесі болуларың мүмкін, бірақ ол үшін әлі көп біліп, оқу қажет.
- Жақсы қатысқан балаларды мадақтау.

Тақырыбы: Апликация «Менің сүйікті жол белгім»

Мақсаты: Балалар жол белгілерін еске түсіріп, өздері ұнататын жол белгісін әңгімелейді. Өз ойларын жеткізе білуге дағдыландыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Көрнекі –құралдар: Суреттер, ақ қағаз, түрлі-түсті қарындаштар, желім, конверт.

Барысы:

-Балалар, бүгін біздің тобымызға хат келді. Хатты Анара деген қыз жазыпты.

«Сәлеметсіңдер ме балалар. Биыл мен мектепке бірінші сыныпқа барамын. Мен мектепке қаланың көшелері мен барамын, жолдан өтемін. Бірақ мен жол белгілерін білмеймін. Көмектесіңдер маған!»

-Балалар сендер де биыл мектепке барасындар, сендер де мектепке барғанда жолдан өтесіңдер. Ал сендер жол жүру ережелерін білесіңдер ме, жол белгілерін танысындар ма? (балалардың жауабы)

-Балалар, сендер Анараға көмектесе аласындар ма? (балалардың жауабы)

-Қалай біз Анараға көмектесеміз? (Анараға жол белгілері туралы түсініктер беру, суреттер көрсету, мультфильм көрсету, суреттер салу, көмекші кітапша жасау, т.б.)

-Сендердің жауаптарынан маған ұнағаны, көмекші кітапша жасау. Кітаптың атын «Жол белгілер» деп қояйық.

Кітапша жасау алдында, суреттер арқылы балалар жол белгілерін еске түсіреді.

Балалардың жауаптарын толықтыру:

«Жаяу жүргінші жолы» белгісі

Жаяу жүргіншіге арналған жолды белгілеу үшін қолданады. Толығымен жаяу жүргіншілердің қозғалысына арналған көшелер мен толық аймақтар да болады.

«Велосипед жолы» белгісі

Бұл белгі ілінген жолмен тек қана велосипед пен мопедтер ғана жүре алады. Өзге көлік құралдарының жүруіне тиым салынады.

Тиым салатын белгілер:

Барлық жол белгілері арасындағы ең қаталы- тиым салатын белгілер. Олар түрлі тиым мен шектеулерден тұрады. Пішіні қызыл жиекті шеңбер түрінде болады.

«Өтетін жол жабық» белгісі

Бұл жаяу жүргіншіге тиым салатын бірден-бір белгі. Мұндағы жаяу жүргінші қызыл жолақпен сызылып тасталған. Бұл белгі қандай жерлерде қойылуы мүмкін? Ол кейбір жерлерде, тоннелдерде, жөндеу жұмыстары жүріп жатқан жол жерлерінде және жаяу жүргіншілер үшін жабық жерлерде қозғалысқа тиым салады.

«Велосипед және мопед қозғалысына тиым салынады. Алайда оларды қолмен жетектеп жүруге болады.

«Кіруге тиым салынады» белгісі

Осы бағыттағы барлық көлік құралдарының қозғалысына тиым салынады.

Ойын: «Түрлі-түсті машиналар»

Шарты: Балалар екі топқа бөлінеді. Қызыл жіне жасыл машиналар, қолдарына руль ұстайды. Бағдаршамда «қызыл» түс жанғанда-тоқтайды, «жасыл»-жүреді, «сары»-дайындалады.

-Керемет балалар, сендер жол ережесін жақсы білесіңдер екен. Қазір үстелге жақындап сендерге ұнайтын жол белгілерін таңдап алындар.

Балалар таңдап алған жол белгілерін ақ қағаздың бетіне салады.

-Міне, балалар кітапшаның беттері дайын, бірақ қалай біз оларды кітапшаға жинаймыз? (бір-біріне беттерді жапсыру, тігу, тесіп, жіппен байлау).

-Дұрыс балалар, мен кітаптың бетін дайындап қойдым, ал енді кітаптың беттерін шегінен бүктеп, бір-біріне жапсырамыз.

Балалар кітапша жасауға кіріседі.

-Балалар, қарандаршы бізде қандай әдемі кітапша шықты. Біз оны Анараға қалай жібереміз? (хатпен жібереміз)

Кітапшаны конвертке салып, кімге, қайда жіберу екенін жазу.

Қортынды:

- Балалар, сендер қалай ойлайсындар, біз Анараға көмектестік пе? (балалардың жауабы)
- Біз оған не істедік?(балалардың жауабы)
- Біздің кітапша не туралы? (балалардың жауабы)
- Ол Анараны неге үйретеді? (балалардың жауабы)
- Балалар,сендердің көңілдерің қандай? Сендер кереметсіңдер!

Вариативтік компонент

Тақырыбы: Ойын-сауық «Жол белгісін білеміз бе?»

Мақсаты: Ойын ойнау арқылы балаларды жолда тәртіп сақтауға тәрбиелеу. Балаларға жолда жүру белгісінің неше түрі бар, оны білу не үшін қажет, белгінің атқаратын қызметі қандай, бұл белгілерді қалай түсініп падалануға болатынын үйрету. Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.

Ойын шарты:

Жүргізушінің қолында қағаздан қиып жасалған ұстайтын сабы бар екі дөнгелекше болады.

Біреуінің бір беті жасыл түспен, екінші беті сары түспен боялған. Ал екінші дөнгелекшенің бір жақ беті қызылмен, екінші жақ беті жасылмен боялған.

Ойынға қатысушылар екі командаға бөлінеді.

Ойын өтіп жатқан жерге бір-біріне параллель екі сызық сызылады. Екі сызықтың ара қашықтығы 7-10 қадамдай болуға тиіс. Осы екі сызықтың ортасы жол болып есептеледі. Ойнаушылар екіге бөлініп, қарама –қарсы бағыттағы сызықтардың бойына сап түзеп тұрады.

Ойын барысы:

Жүргізуші балаларға жасыл белгіні жоғары көтеріп көрсеткенде, ойынға қатысушылар алға бір адым жылжиды, қызыл жарықты көрсеткенде, бір адым артқа шегінеді, ал сары жарықты жоғары көтергенде орындарында қозғалмай тұрып қалады.

Жүргізуші қолындағы бағдаршам жарықтарын кезекпен ауыстырып отырады. Егер ол қолындағы қызыл не жасыл жарықты бір рет көрсетсе, бір адым, екі- үш рет көрсетсе, екі- үш адым кейін не ілгері аттау керек. Сөйтп, екіге бөлініп тұрған командалардың қайсысы қарама-қарсы бағытқа шашырамай, біркелкі бірінші болып жетсе, сол команда жеңімпаз болып танылады. Ал белгі беру кезінде шатасқан, қалып қалған балалар ойыннан шығып қалады.

Ойын барысында жүргізуші балаларға мынадай сұрақтар қояды:

-Жаяу жүргінші жол бойында қалай жүріп –тұруы керек? (жиек жолдың оң жақ шетімен жүруі керек.)

-Көлік жүретін жолдан қалай өтесін? (жол өткілдерінен немесе бағдаршам арқылы өту керек)

-Жақындап қалған көліктің алдынан жүгіру неліктен қауіпті? (көлікті бірден тоқтату мүмкін болмайтындықтан, алдынан жүгіріп шыққан адамның өміріне үлкен қауіп төнеді).

-Қандай көлік түрлеріне бағдаршамның қызыл жарығына жүруге рұқсат етіледі? (өрт сөндіру, жедел жәрдем, милиция машиналары, арнайы ескерту дыбыс беріп келе жатқанда)

-Балабақшаға жаяу жүргіншіге арналған жолмен барасың ба? (ия)

-Жолда сен бағдаршамның қызыл түсі жанса өтесің бе? (жоқ)

-Бағдаршамның қандай түсі жанса өтесің? (жасыл түсі жанғанда жолдан өтеміз)

-Бір орынды велосипедке үш адам отырып жүруге бол ма? (жоқ)

Вариативтік компонент

Тақырыбы: Жол тәртібін сақтайық!

Мақсаты: Балаларды жолда жүру ережесімен таныстыру. Жол қауіпсіздігін есте сақтауға, білуге жол ережесінің белгілерімен жүре білуге үйрету.

Көрнекілігі: Бағдаршам, көшеде жүру ережесіне байланысты баспадан шыққан кестелер. Қиылған жіңішке ұзын тілім қағаздарды еденге жапсырып, үлкен көше, жиекжол, екі көшенің қиылысқан кескіні Жол белгілері. Интерактивті тақта.

Барысы:

- Сәлеметсіздер ме, балалар! Бүгін біздерге мемлекеттік авто инспекция қызметкері келіп тұр. Ол сендерге жолда жүру тәртібі туралы айтып өтеді
МАИ қызметкері:

- Сәлеметсіздер ме, балалар! Бүгін мен сендерге жарақаттардың алдын алу мақсатында жол тәртібі нұсқауларына қысқаша шолу өткіземін. Бағдаршам - өмірімізді жазымнан сақтандыратын көмекшіміз. Оның сырын біліп, тілін алу баршамызға керек. Біздің ауылымызда, сол сияқты біздің еліміздің басқа да қала, ауылдарында бәріне ортақ көше қатынас ережесі енгізілген. Бұл ережені оқушылар да, үлкендер де, яғни барлық көлік жүргізетін жүргізушілер де бұлжытпай орындауы керек.

- Балалар, сендер көшеде жүру ережесін білесіңдер ме екен, көрейік.

Мынандай сұрақтарға жауап беріңдерші:

1. Көшеде жүру ережесін білу бізге не үшін керек?

- Әр оқушы көшеде жүру тәртібін өте жақсы білуі керек. Көшеде жүре білу машина астына түсуден, апаттан сақтайды.

2. Жиекжол дегеніміз не?

- Адамдар жаяу жүретін көше жиегіндегі тар жол.

3. Жаяу адамға қай жермен жүруге рұқсат етілмейді?

- Көлік жүретін көшенің ортасымен жүруге рұқсат етілмейді.

4. Көшеде жүру тәртібін кім басқарады?

- Көшеде жүру тәртібін бағдаршам басқарады.

5. Көше қиылыстарында қай жерлерден өтуге болады?

- Көшенің екінші көшемен қиылысқан жерінде немесе «Өтетін жер» деп жазылған тұста немесе асфальтта көлденеңіне сызылған жалпақ ақ жолақтары бар жерінде және бет алдындағы бағдаршамның жасыл жарығы жанған кезде өтуге болады.

6. Ал жиекжолда қалай жүру керек?

- Жиекжолдың оң жағымен жүру керек, сол жағымен жүруге болмайды.

7. Жиекжолдан тағы қалай жүруге рұқсат етілмейді?

- Төрт-бес адам қатар жүруге болмайды.

МАИ қызметкері:

- Балалар, сендер жолда жүру ережелерін түсіндіңдер ме?

- Жол тәртібін сақтап, өз өмірлеріңізге қамқор болатындарына сенімдімін.

Жұмбақтар жасыру:

1. Ала таяқ ұстаған,

Жол тәртібін нұсқаған.

Өміріңді күзеткен,

Ысқырықпен түзеткен. (Полиция)

2. Көше бойлап аяндайды,

Адам тасып аялайды. (Автобус)

3. Жоқ өзінде бас та, ауызда да, құлақ та,
Бақырайған үш көзі бар бірақ та. (Бағдаршам)

4. Бір тұлпар су ішпейді, жем жемейді,
Есіркеп ешбір адам жемдемейді.
Жүк емес жануарға жүз адам да,
Доғасын сымына сүйреп, жол жөндейді. (Трамвай)

5. Арқаным тым ұзын,
Ала алмайсың бір үзім. (Жол)

6. Қозғалмасаң құлайды,
Сүйемесең сұлайды.
Құйымшақты ері бар,
Бұл не деген жануар? (Велосипед)

Сақтандыру, ескерту белгісі:

Өзі қызыл, үшбұрышты ескертуің мен болам,
Хабарлайтын бар қауіпті оң сапарға жолдаған.
Маған қарап жүрер болса жүргізуші, жаяу да,
Жолы болып, сәтсіздікке ешқашан да қалмаған.

Тыйым салу белгісі:

Мен бәріне әрқашанда тыйым салып тұрамын,
Қайда болса алда тұрып жібермеймін бір адым.
Түсім қызыл, өзім шеңбер сызық болып бітемін,
Осы жолы үндемейін бар ма тағы сұрағың.

Міндеттеу белгісі:

Белгімін көрсетер жылдамдық бағытын,
Ой, шұңқыр, бұрылыс, қатерді, қауіпті.
Барлығын анықтап, көрсетіп жіберем,
Сондықтан бәрі де мені тез таныпты.

Нұсқау белгісі:

Баратын сапардың қашығын, тұрағын,
Үн - түнсіз жол сілтеп көрсетіп тұрамын.
Күндіз де, түнде де от болып жанады,
Көкпеңбек боялған төртбұрыш шырағым.

Қимылды ойын: «Бағдаршам»

Жүргізуші жасыл түсті көрсеткенде балалар жүреді, сарыны көрсеткенде алақандарын соғады, қызыл түсті көрсеткенде тыныштық сақтаймыз.

— Балаларға алдын-ала дайындалған дөңгелек, шеңбер, үшбұрыш және басқа да белгілерді көрсете отырып, олардың жол бойларында, көшелерде ілініп тұратын белгілерді барлықтарын көрдіңдер. Бұлар — жол белгілері. бұл белгілердің арнайы жарқырап тұратын, белгілердің тиімділігі — жол бойының нағыз хабарландырушысы екендігінде.

Жол белгілері бірнеше топқа бөлінеді:

— Ескерту белгілері, үшбұрышты қызыл болумен көмкерілген бұл белгілер жол бойындажайсыз, қауіпті жерлер бар дегенді білдіреді.

— Тыйым салу белгілері дөңгелек шеңбер түрінде қызыл бояумен беріледі. Ол қозғалыс атаулының бәріне тыйым салады.

— Көрсеткіш белгілер, дөңгелек шеңбермен беріліп, көк бояумен көмкерілген. Бұл белгілер көліктің жүретін бағытын, жаяу адамдардың жүруіне болады дегенді білдіреді.

Есіңе сақта.

- Көшеден өткенде арнаулы жерден, жасыл жанғанда ғана немесе реттеушінің белгісін күт.
- Жол қиылысында аса абай бол.
- Көшеден тек жаяу адамдар өтпелері бойынша жүр.
- Көшелер мен жолдарда шанамен сырғанап ойнама.
- Бағдаршамға қарауды ұмытпа.
- Жолдан өтер кезде алдымен сол жағына содан соң оң жағына қарап, арнайы жаяу жүру жолымен өт.
- Көшеде бейтаныс адамдармен сөйлеспе және ілісіп кетпе.

Жол заңы дұрыс жүріп, абай болуды талап етеді. Жол тәртібін бұзба, ол қатер тудырады. Жолдың қалыпты қозғалысы көбінесе балалардың жол бойында қалай болса, солай жүріп, доп қуалайтыны, жүріп бара жатқан машинаға жабысатыны, қалтарыстан жолға шығып кететінінің салдарынан бұзылады. Жол тәртібін бұзғандықтан кейбіреулер машина дөңгелегіне ілініп қаза тауып, кейбіреулер жарақат алады. Ал кейбіреулер өмірлік мүгедек болып қалады.

Қортынды:

-Өмірде күтпеген оқиғалардан сақтану үшін жол ережелеріне бағыну керек. «Сақтансаң сақтармын» дегендей ережелерді тек білу ғана шарт емес, оны бұлжытпай орындаса ғана аман - есен жүруге болады. Көше тәртібін сақтау- сенің міндетің! Сондықтан, жолда сақ бол! Көше тәртібін есіңнен шығарма!

Вариативтік компонент

Тақырыбы: Дидактикалық ойын «Жолда өте біл.»

Мақсаты: Жол жүру ережесі бойынша балалардың білімдерін бекіту. (бағдаршамның берген белгісі, жүргінші жол) белсенділігін, назарын тәрбиелеу. Ойын ойнау арқылы балаларды жолда тәртіп сақтауға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: 1,2,3,4,5,6 сандармен текшелер және 2 фишка. Ойын алаңы.

Ойын барысы:

Бірінші жүргінші №1 үйден, екінші №2 үйден шығады. Текшелерді өздерінің сандары шыққанша лақтыра береді, және қайтадан лақтырады. Сонымен бір түрлі-түсті суреттерге мұқият қарау керек. Бірінші суретте бағдаршамның қызыл шамы жанып тұр. Демек, жүргінші бағдаршамнан тұрған дөнгелекке секіре алмайды. Ол орнында тұра береді. Екінші суретте көлік. Жолды кесіп өтуге болмайды, орнында тұру керек. Үшінші суретте бағдаршамның жасыл шамы жанып тұр. Текшені текшенің санына байланысты дөнгелектерге жылжытуға болады. Төртінші суретте мотоциклшы. Оны тоқтап, өткізу керек. Алтыншы суретте бағдаршамның сары шамы жанып тұр. Жүргінші сол суреттің бойында тоқтай алады. Жетінші суретте реттеуші онымен қауіпсіз, бірден әженің үйіне баруға болады. Кім жол ережесін бұзбай әжесіне келсе сол жеңіске жетеді.

Вариативтік компонент

Тақырыбы: «Бағдаршам» ойыны (ата-аналармен бірлесе өткізіледі)

Мақсаты: Балаларды және ата-аналарды жол жүру ережелері мен күнделікті кездесетін нақты мысалдармен (кездейсоқ жағдайлармен) таныстыру. Ойын шартын бұзбауға тәрбиелеу.

Барысы:

Жол тәртібін білейік,

Аман –есен жүрейік.

Ережені біз жаттап

Тәртіпті ұлан болайық!

Ата-аналар мен балаларға «Жолда жүру ережесі» жайында әңгімелеп беру.

-Ал бүгін құрметті ата-аналар, балалар, жолда жүру ережелері туралы не білетіндеріңізді көрсетіңіздер.

-Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар!

-Үш топ қатысатын сайысымызды бастайық!

-Топтарды бағдаршам көздерімен атайық!

-Қызыл,сары,жасыл!

-Сонымен, 1-топ-қызыл. 2-топ-сары. 3-топ-жасыл.

-Әділ қазылар алқасын сайлайық.

1-тапсырма: Ойын: «Бөліктен-бүтін құра».

Шарты: Жол белгілері мен бағдаршамның суреттері ұсынылады. Ата-аналар осы суреттерді 4-ке,2-ге қайшымен қиып бөледі, ал балалар құрастырады.

2-тапсырма: Ойын: «Сиқырлы белгі»

Шарты: Сиқыршы жол белгілерін сиқырлап кетіпті. Сіздер осы белгілердің суретін аяқтап, қандай белгі екенін айтып беріңіздер. (бағдаршам, ескерту белгісі, тиым салу белгісі, анықтама белгісі).

3-тапсырма: Ата-аналарға викториналық сұрақтар:

а) Жолдың қиылысу нүктесі.

б) Автобуста келе жатқан адам

в) Адамдар жүретін жолдың бөлігі

г) Жаяу жүріп келе жатқан адам

д) Жаяу жүргінші жүретін жолмен негізгі жолды бөліп тұрған жиек.

е) Жолда жүруді реттейтін құрал

е) Жолда жүруді реттейтін адам

ж) Көлікті күтетін жер

з) Автобустың алдыңғы орындарында кімдер отырады?

и) Көшені қиып етпес бұрын не істеу керек?

к) Бағдаршамның неше белгісі бар?

) Жолда жүруді реттейтін инспектордың қолындағы таяғы қалай аталады?

м) Жұмбақ:

Арқаным бар тым ұзын,

Кесіп бірақ ала алмайсың бір үзім. (жол)

4-тапсырма: Ойын: «Жол белгілерін кім бірінші жинайды.»

5-тапсырма: Көліктер туралы жұмбақтар шешу:

Сымға асылып,зырлайды асығып. (троллейбус)

Басып озды құсты, қанат қақпай ұшты.(ұшақ)

Көше бойлап аянды, адам тасып аялдайды. (автобус)

Әділ қазылар алқасы көңілді тапқырлар клубының қатысушыларының жол ережесі бойынша білімдерін жақсы, тиянақты екенін мадақтап, ережелерді әрқашан сақтауды ескертеді. Женімпаздарды мадақтама мен марапаттайды.

Вариативтік компонент

Тәрбие сағаты: Балалардың көшеде және жолда өз-өзін ұстау ережелері.

Мақсаты: Қалада балалармен болатын жол-көлік оқиғаларының жол полициясының мәліметтері бойынша мысалдардың айтып, түсіндіру. Қалыптасқан түсініктерін, білімдерін пысықтау. Жаяу мен көліктің байланыс қатынасын білдіру. Тіл байлықтарын дамыту.

Көрнекі-құралдар: Руль, жол белгілер, жол белгілерінің суреттері, бағдаршам.

Барысы:

Музыка әуенімен балалар ән-күй залына екі-екіден кіреді, алдыңғы бала жүргізуші, қолында руль бар, артындағы балалар-жолаушылар. Белгілі орынға тоқтайды, жолаушылар қатарласып тұрады.

Тәрбиеші: Жолда жүру ережесінің жеңімпаздарының атынан жалынды сәлем!

Балалар «Жас жолаушылар жыры» әнін орындайды:

1. Сапар шексек сіз бен біз

Сан көлікке мінеміз.

Троллейбус, трамвай

Автобуспен жүреміз.

Қайырмасы: Көлік, көлік, көлік,

Көліктерге мінеміз.

Көшелермен, көшелермен

Күнде тынбай жүреміз.

2. Тәртіп бұзсақ абайсыз,

Жағдай туар қолайсыз.

МАЙ қызметкерлерінен

Сан кешірім сұрайсыз.

Қайырмасы.

3. Жол жүрудің тәртібін,

Ережесін білеміз.

Сақтағанда қатерден

Сау-саламат жүреміз.

Қайырмасы.

-Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырамын, сендер шешуін тауып көріңдер.

Аяғы бар жүрмейді,

Аузы жоқ сөйлейді. (бағдаршам)

-Міне, бізге бүгін көшеден кім қонаққа келіпті? (бағдаршамның суретін көрсету)

-Бағдаршамның қызметі қандай? (жол тәртібін реттеуші)

Ойын: «Бағдаршам құрайық»

Шарты: Таяқшаларды алғаннан кейін үш жерге топталып, белгілерін айтады. Хормен:

тұр, күт, жүр.

Тақпақтар:

Қызыл көзі жанғанда,

Қалт тоқтай қал табанда.

Сары көзі жанғанда,

Сақ, абай бол барынша.

Жасыл жарық жол ашық

Жүгіре бер бел асып.

Үшеуі бірге:

Бас- аяқты ойлап

Бол ұқыпты жолда.

Ойын: «Өз белгіңді тап »

Шарты: Балаларың қолдарына белгілер беріледі. Олар 4-6 баладан топтасып бөлме бұрыштарына тұрады. Тәрбиеші әр бұрышқа пішіндерді (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш қояды)

«Белгілер еркін» деген белгі айтылғанда балалар топтын ішінде еркін жүреді. «Өз белгінді тап» деп айтылғанда балалар жүгіріп қолындағы белгіге сәйкес пішінің қасына тұрады.

Ойын нұсқасы: Балалар ойын ережесін жақсы меңгерген кезде, тәрбиеші балалардың еркін жүрген кезде көздерін жұмуын сұрайды. Көздері жұмылған кезде тәрбиеші пішіндердің орындарын ауыстырп қоюға болады.

-Осымен бүгінгі тәрбие сағатымыз аяқталды, көңіл қойып тындағандарыңызға мың да бір рахмет айтамыз!

Балалар «Әрқашан күн сөнбесін» әнін орындап, ән-күй залынан шығып кетеді.

Вариативтік компонент

Тақырыбы: Маша мен аюды жол ережесімен таныстыру.

Мақсаты: Балалар Маша мен аюды жолда жүру ережесін есте сақтауға, жол белгілерін неше түрі бар, оны білу не үшін қажет, бағдаршамның, жол белгілерінің атқаратын қызметі қандай екенін үйретеді.

Көрнекілік: суреттер, жол белгілері, бағдаршамның макеті, хат, кітап «Жол жүру әліппесі».

Барысы:

Тәрбиеші-Балалар бүгін бізге хат келді. Кімнен? (Маша мен аюдан)

«Сүйкімді балалар. Бізге жол ережесін үйретіңдерші. Күтіндер, біз келеміз» .

(Маша мен аю кіреді ,Машаның қолы байланған).

Маша: – Ой, ой, ой! Ой, ой, ой! Қалай қолым қатты аурады! Мені машина басып кете жаздады.

Тәрбиеші: Не болды сіздермен?

Аю: Жолды өткенде машина басып кете жаздады.

Тәрбиеші: сіздер жолды қалай өттіңіздер?

Маша: Шашымды тарап келе жатқанмын.

Тәрбиеші: Маша, жолда келе жатып шашты тарауға бола ма екен? Балалар, Маша дұрыс істеді ме? (Жоқ)

Аю: Маша, сен қалай ойлайсың жол белгілерінің дәмі қандай? Ащы ма, тәтті ме, мүмкін дәмі балдай?

Тәрбиеші: Олар дәмді де тұзды де емес, өйткені жол белгілері жеуге жарамсыз. Жол белгілері ең алдымен жүргізуші мен жаяу жіргіншілерге қай жерден өтуге болады, қай жерден өтуге болмайтындығына бағыт бағдар береді. Қазір менің балаларым сендерге жол белгілері туралы мәлімет береді.

1-ші бала

Ескерту белгісі

Қып-қызыл үшбұрыш

Ескерту белгісі мен болам

Қауіптен сақ бол деп

Сәт сапар жолдаған.

2-ші бала

Тыйым салу белгісі

Қызылмен боялған шеңберім аумақты,

Тыйымшыл белгімін, қаталмын, салмақты.

Мен тұрған жерлерде хақың жоқ жүруге,

Қауіп бар бағдарла, көз салып жан-жақта.

3-ші бала

Нұсқау белгісі

Баратын жерінің бағыты тұрағын

Үн-түнсіз жол сілтеп, жол нұсқап тұрамын.

Күндіз де, түнде де от болып жанады

Көк түске боялған төртбұрыш шырағым.

4-ші бала

Бағдаршам

Қызыл көзін ашқанда, аяғынды баспа алға.

Сары көзін ашқанда, қарап қалма аспанға.

Жасыл көзін ашқанда, жүре бергін жасқанба.

Аю: Ой, қалай қызықты. Жол белгілері көп екен. Қалай біз енді олардың атауларын есімізде сақтаймыз.

Маша: Рахмет балалар. Енді біз аю екеуміз жол белгілердің атауларын жаттауға уәде береміз. Жол ережелерін ешқашан бұзбаймыз.

Аю: Машенька, дәл қазір жаттауға кірісейік (екеуі кетіп қалады)

Тәрбиеші: Балалалар бізге де топқа қайту уақытты келіп қалды. Жарайсыңдар балалар, бүгін сендер біздің қонақтарымызға жолда жүру ережелері туралы көп мәлімет бердіңдер. Жол ережелерін сақтаңыздар.

Вариативтік компонент

Тақырыбы: Серуен. «Қар жинайтын машинаның жұмысын бақылау.»

Мақсаты: Қыс мезгілінде адам еңбегін жеңілдететін машиналармен таныстыруды жалғастырып, қоршаған орта білімдерін толықтыру. Жол қандай, көліктер қандай екенін әңгімелеу. Жаз және қыс мезгіліндегі көліктердің және жүргіншілердің айырмашылығын атау.

Барысы:

Балалармен «Ауланы тазалаушының жұмысын қалай жеңілдетсем» деген тақырыпқа шағын әңгіме құрастыру.

-Балалар қазір қандай мезгіл? (балалардың жауабы)

-Қыс мезгілінің қандай айы? (балалардың жауабы)

-Қыс мезгілінде қандай құбылыстар болады? (балалардың жауабы)

-Балалар, қыс мезгілінде жол қандай болады? (балалардың жауабы)

-Жолдан қарды қалай жинаймыз? (балалардың жауабы)

-Қарды кім жинайды? (балалардың жауабы)

- Аула тазалаушының жұмысын қалай жеңілдетуге болады? (арнайы көлікпен жинауға болады)

-Бұл машинаның аты қалай? (қар жинайтын машина)

-Ол не істейді? (балалардың жауабы)

-Ол қарды қалай жинайды?

Балалармен бірге қар жинайтын машинаның жұмысын бақылап,әңгімелеу.

-Балалар, сендер адам еңбегін жеңілдететін тағы қандай машинаны білесіңдер?
(балалардың жауабы)

-Балалар, қыста және жазда көліктердің айырмашылығы қандай? (балалардың жауабы)

-Қыста және жазда жүргіншілер қандай болады? Неге? (балалардың жауабы)

Көркем сөз:

Қане, кімнің бойы ұзын,

Паровозы ол поездың.

Қатар-қатар тұратын,

Поезды біз құрайық.

Ойын: «Қиылыс»

Шарты: Балаларға жол белгілерімен және бағдаршам бар қиылыс сурет сызбасы беріледі. Тәрбиеші қиылыстан өту ережелерімен таныстырады және үйретеді.

Еңбек: Гүлзарға, ыдысқа түрлі-түсті мұзды қатырып қою.

Мақсаты: Балалардың эстетикалық танымдарын арттыру. Айналаны әсем етіп көріктендіру.

Жеке жұмыс: Шаңғы тебе білуге үйрету. Шаңғы жолымен сырғанай отырып жүру.

Жорамал: Қыс қарлы болса-жаз жаңбырлы болады.

Вариативтік компонент

Тақырыбы: Ойын-сауық «Жолда мұқият бол!»

Мақсаты: Балаларды жолда жүру ережесімен таныстыру, еске сақтауға үйрету, жол қауіпсіздігін, өз өмірлерін сақтай білуге тәрбиелеу. Жол белгілерін айыра білу дағдыдарын қалыптастыру, жол ережесін білудің маңызды екенін түсіндіру.

Көрнекілік: Жол ережесі туралы суреттер, сызылған жол, бағдаршам, жол белгілерінің макеттері.

Барысы:

Тәрбиеші:- Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Мен сендерге жұмбақ жасырайын

«Үш көзі бар қаз - қатар

Кезек - кезек ашады

Үшеуінен байқасам

Үш түсті нұр шашады.» (бағдаршам)

Тәрбиеші: Біздің балалар көліктер туралы көп мағлұмат біледі.

Велосипед, самокат, машинасы бар балалар келеді.

Автоинспектор:

- Әр түрлі көліктерің болғаны жақсы екен, бірақ жол ережесін сендер де білулерің керек. Кәне таныс болайық. Балалармен танысу.

Бала:

- Менің атым, Зуылбек. Велосипедпен үнемі зуылдап жүремін. Ал мына белгілер көшеде қаптап тұр. Мен оларды қайтем, мен оларсыз - ақ зуылдатам.

Қызыл жолақпен көмкерілген дөңгелек белгісі велосипедті көреді.

- Мынау қандай белгі, мынау менің велосипедім емес пе? Мен үшін жасалған белгі ме?

- Ия, сен үшін, бұл белгінің аты -«Велосипед жүрмейді»

- Жүрмейді, тапқан екенсіңдер, мен жүрмейтін жер жоқ, білдіңдер ме, мен үшін көше де саяжай да, аула бәрі ашық.

(Сақтандыру белгі ұстаған балаға келеді)

- Мұны да белгі дейді - ау, көшеге пәтердің жылу батареясы белгісі не үшін керек?

- Зуылбек - ау бұл да саған керек белгі. Айталық сен велосипедпен зуылдап келесің дейік, қарсы алдыңнан осы белгі кездесті, ендеше алдыңда темір жол бар деген сөз. Ұқтың ба?

- А.. аа Бұл белгінің де қажеті бола қоймас, салдырлап - гүлдірлеп поезд жеткенше өтіп үлгерем.

(Адам сұлбасы салынған көк нұсқау белгісі жанына келеді)

- Ал, мына белгі не үшін керек?

- Қара, бұл адамдар өтеді.

Автоинспектор басын шайқап.

-Балалар, жолда жүру ережесін, белгілерді білуге Зуылбекті үйретейік. «Сақтансаң сақтаймын» деген сөз бар.

- Мынау қандай белгі? (Айналасы қызыл жолақпен көмкерілген, үшбұрыш.)

- Ескерту белгісі

Қып - қызыл үшбұрыш: Ескерту белгісі мен болам

«Қауіптен сақ бол»- деп сәт - сапар жолдағам

Аман - сау жүреді жаяу да көлік те.

Тиым салу белгісі - Қызыл жолақпен көмкерілген дөңгелек

Қызылмен боялған, шеңберлі аумақты

Тиымшыл белгімін, қаталмын, салмақты

Мен тұрған жерлерде қақың жоқ жүруге

Қауіп бар бағдарла, көз салып жан - жаққа.

Нұсқау белгісі - көк түсті төртбұрыш
Баратын жерінің бағытын, тұрағын
Үн - түнсіз жөн айтып, жол нұсқап тұрамын
Күндіз де түнде де от болып жанады
Көк түске боялған төртбұрыш шырағым.

Зуылбек:

- Балалар сендерге көп рахмет, мен зуылдайын. Сау болыңдар. Сау болыңыз, аға автоинспектор.

- Балалар сендер бұл белгілерді біліп жүріңдер. Ал, енді қауіпсіздік ережелерін есімізге сақтайық

1. Жолдан жаяу жүргіншілерге арналған жерден өт
2. Жолдан өтерде алдымен солға ал бөлгіш жолақтан кейін оңға қара
3. Жолдан бағдаршамның жасыл түсі жанғанда ғана өт
4. Егер, жаяу жүргіншілерге арналған жол болмаса жаяу жүргінші жолдың шетімен қозғалысқа қарсы жолмен жүруге тиісті.
5. Жолдың машина жүретін бөлігінде ойнауға болмайды.
6. Келе жатқан машина алдынан жолды кесіп жүгірме.
7. Машинадан түскенде артынан айналып өту керек.

- Ал, балалар бағдаршамның үш көзі туралы айтып беріңдерші

Балалар: Бір көзім «кідір» дейді,
Бір көзім «жүгір» дейді,
Бір көзім «абайла» дейді,
Қарап ал маңайға дейді.

Бағдаршам:

Қызыл көзін ашқанда,
Сынық сүйем баспа алға.
Сары көзін ашқанда,
Қарап қалма аспанға.
Жасыл көзін ашқанда,
Жүре бергін жасқанба.

Ал қазір «Жолдан дұрыс өт» ойынын ойнайық. Балалармен бірге жолдан өтеді.

-Жарайсыңдар, балалар! Бәрің де жолдан дұрыс өттіңдер! Жолда үнемі осы жүргіншілерге арналған жол арқылы жүріп, жол ережесін есте ұстандар.

Ендеше біз ойынымызды әнмен аяқтайық.

«Көшеде сақ бол!»

Көшеде біз сақ болайық,
Қайғырмасын ата - ана.
Жолда сен бол лайықты,
Балалар атына.
Жолда жүру ережесін,
Білгенің бес саусақтай.
Сонда ғана жүре аласың,
Сен өзіңді сау сақтап.

-Рахмет, жарайсыңдар, балалар! Сендер үшін қуаныштымын. Көше тәртібін қарау үшін қызметіме кеттім. Сау болыңдар, балалар.

Вариативтік компонент

Тақырыбы: Сурет салу «Жолдағы көліктер»

Мақсаты: Сурет салу арқылы балалар көлік түрлерін еске түсіреді. Ой-қиялын дамыту. Жолда жол белгілерін және бағдаршамды белгілеу.

Әдіс-тәсілдер: Түсіндіру, сұрақ –жауап, әңгімелеу, сурет салу.

Көрнекіліктер: Суреттер, ақ қағаз, бояу, қылқалам.

Барысы:

Балалармен туған қаламыз туралы пікірлесу. Оның өздеріне ұнайтын жерлері туралы ойларын білу.

-Көшеде біз не көреміз? (кең жол, машиналар, жүргіншілер, үйлер, көп қабатты үйлер, зәулім ғимараттар, дүкендер, ағаштар, т.б.)

Жұмбақтар жасыру:

Ұзын-ұзын, ұзын жіп

Ұшына шыққан жан бар ма?

Ақырын басқан жан бар ма?

Ұшына шықпас жалған да. (жол)

Күзде киім тастайды,
Көктемде киіне бастайды. (ағаш)

Арқасында ауыл жүр,

Ала тайым шауып жүр. (автобус)

-Балалар сендер қандай көлік түрлерін білесіңдер? (балалардың жауабы)

-Көліктерді неше топқа бөлеміз? (суда жүзетін, жерде жүретін, әуеде ұшатын)

-Жолдағы жүретін қандай көліктерді білесіңдер? (балалардың жауабы)

Балаларға геометриялық пішіндерді сурет салу арқылы жол көрінісін ұжыммен жасау ұсынылады. Жолда жол белгілерін және бағдаршамды белгілеуге ұмытпау керек екенін ескерту.

Балалардың өз бетінше әрекет етулеріне ерік беру.

Сергіту сәті:

«Бип-бип-бип!» -дейді,

Көшеде жүруге асыға,

Күшікті басуға, басуға,

Болмайды, болмайды, машина!

«Бип-бип-бип»-дейді.

Сабақтың соңында балалармен ақылдаса отырып, көшеге ат тағайындалады.

Вариативтік компонент

Тақырыбы: Қимылды ойын: «Торғайлар мен автомобиль»

Мақсаты: Балаларды ойын ойнау арқылы жол ережесін білуге үйрету. Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Ойын шартын бұзбауға тәрбиелеу.

Қажетті құралдар: Ойыншық автомобиль немесе руль.

Ойын шарты: Балалар бөлменің немесе аланның бір жағында тұрған орындарға отырады. Бұлар ұяларында отырған торғайлар. Аланның қарама-қарсы автомобильді бейнелер тұрады.

Тәрбиешінің «Жол жүріп ұшып кеттік. торғайлар»- деген сөзіне балалар аланның бойымен жүгіреді. Қолдарын, құстардың қанаттарын қаққаны сияқты екі жағынан бұлғайды.

Тәрбиеші біраз уақыт өткеннен кейін: «Байқандар, автомобиль келе жатыр, ұшындар, торғайлар өз ұяларыңа»-дейді. Автомобиль гараждан шығып торғайлар жаққа бара жатады. Торғайлар ұяларына ұшып барып қонды (орындарына отырады). Автомобиль гаражға қайтадан қайтып келді.

Нұсқаулар: Басында ойынға балалардың шағын тобы (10-12 бала), содан кейін бүкіл топ қатысады. Тәрбиеші торғайлардың қалай ұшатынын, олардың дөңдерін қалай шоқитынын алдын-ала көрсетеді. Балалар торғайларға іліктеп отырып, бұл әрекеттің бәрін орындайды. Содан кейін ойынға автомобиль ролін көрсетуге болады. Мұны тәрбиешінің өзі орындайды. Тек біраз қайталаулардан соң, ол оны белсенді балаға тапсырады. Автомобиль қатты жүрмейді. Сөйтіп ол бүкіл құстарға өз ұяларына жетуге мүмкіндік береді.

Вариативтік компонент

Тақырыбы: Ойын-тренинг «Қызыл, сары, жасыл.»

Мақсаты: Жол және адам өмірінің қауіпсіздігін алдын ала алу. Балаларды бағдаршам туралы жол ережелерін маңызды екенін ұғындыру. Дене жаттығуларын жасау арқылы жылдам өмірін сақтау үшін жол қауіпсіздігінің ережелерін орындауды дамыту.

Қолданылатын көрнекіліктер: Бүктемелер, бағдаршам

Барысы:

Шаттық шеңбері.

Күндей жадырап, айдай арайлап.

Жұлдыздай жарқырап, судай көңілмен бүгінгі күнімізді бастайық. Балалар біз бүгін жол ережесімен танысамыз. Жолда жүрудің, адамдардың да көліктердің де өз тәртібі бар. Ал енді балалар мен сендерге жол ережесі туралы өлең оқып берейін.

Ауыл менен оның көшесінде.

Жүрмейді тек алаңсыз

Ережесін білмесеңіз

Түседі қайғы амалсыз.

Сақтық ойлар әрдайым

Кеудесінде жаны бар

Жүргіншімен жүргізушінің

Өзіне тән заңы бар.

- Балалар бүгінгі кешіміздің ең басты қонағы бағдаршамды ортаға шақырамыз. Балалар көшеде жүру тәртібін бағдаршам басқарады. Бағдаршам өмірімізді қауіптен сақтандыратын көмекшіміз, оның сырын біліп, тілің алу баршамызға ортақ. Олай болса балалар бізге «Бағдаршам» қонаққа келіпті.

Бағдаршам: Сәлеметсіңдер ме балалар! Мені барлық елдердің балалары жақсы біледі.

Бүгін сендерге арнайы қонаққа келдім.

- Қош келдің Бағдаршам! Бүгінгі айтар әңгімеміз саған қатысты болмақ. Сондықтан да бізбен бірге бол.

Бағдаршам:

Күндіз түні жанамын

Дабыл беріп бәріне.

Үш түрлі түсім бар

Белгілі жаспен кәріге

Мен бағдаршам боламын.

Тәрбиеші: Бағдаршам біздің балалар өте ақылды! Бағдаршам туралы көп тақпақ біледі.

Тыңдап көріңізші!

1-бала:

Сапар шексек сізбен біз,

Сан көлікке мінеміз

Троллейбус, трамвай

Автобусбен жүреміз

2-бала:

Көлік, көлік, көлік

Көліктерге мінеміз

Көшелермен, көшелерімен

Күнде тынбай жүреміз

3-бала:

Тәртіп бұзсақ абайсыз

Жағдай туар қолайсыз

Май қызметкерлерінен

Сан кешірім сұраймыз

4-бала:

Жол жүрудің тәртібін

Ережесін білеміз

Сақтағанда қатерден

Сау саламат жүреміз

Бағдаршам: - Иә, расында да балалар өте ақылды екен. Балалардың тапқырлығын тексеріп көрейінші! Балалар мен сендерге сұрақ қойғым келіп тұр. Бағдаршамның неше көзі бар?

Балалар: - үш көзі бар.

Бағдаршам: - бағдаршамның көздерінің түсі қандай?

Балалар: - қызыл, сары, жасыл

Бағдаршам: - Оның түстері нені білдіреді?

Балалардың жауабы.

Бағдаршам болып киінген үш қыз тақпақтарын айтып береді.

Қызыл –

Қызыл көзі жанғанда

Қалт тоқтай қал табанда

Сары –

Сары көзі жанғанда

Сақ абай бол барынша

Жасыл –

Жасыл жарық жол ашық,

Жүгіре бер бел асып

Үшеуі бірге: Бас аяқты ойлап,

Бол ұқыпты жолда

Сергіту сәті:

1) Бағдаршамның қызыл түсін көрсету.

Балалар орындарынан тұрады.

2) Бағдаршамның сары түсін көрсету.

Балалар екі жаққа кезек-кезек дайындалады.

3) Бағдаршамның жасыл түсін көрсету.

Аяқтарын топ-топ басады.

Тәрбиеші: Балалар бағдаршамның қызыл жарығы жанғанда кімдерге өтуге рұқсат етілген.

01- Өрт сөндіру машинасына

02- Жол полиция машинасына

03- Жедел жәрдем машинасына

04- Газ машинасына. Балалар ол машиналар белгілі дабылмен жолдан өтеді.

Өте тамаша балалар сұрақтарға керемет жақсы жауап бердіңдер.

Қорытынды:

- Рахмет балалар бүгін сендер өздерінің жол ережесін білетіндеріңді көрсеттіңдер. Қай жерде жүрсеңдер де жолда жүру ережесін сақтап, басқаларды да соған шақырыңдар.

Вариативтік компонент

Тақырыбы: Дидактикалық ойын: «Қандай белгі екенін тап?»

Мақсаты: Жол белгілерін ажырата білуге, балалардың жолда жүру ережелері жайында білімдерін бекіту; күнделікті өмірде алған білімін өз бетінше қолдана алуға тәрбиелеу.

Қолданатын көрнекіліктер: Сақтандыру, тыйым салу, көрсеткіш және қызмет көрсету: жол белгілері желімденген текшелер.

Ойын барысы:

1-ші нұсқа. Жетекші текшелер жатқан үстелге кезекпен шақырады. Бала текшені алып, белгіні атап, сондай сияқты белгілері бар балаларға барады.

2-ші нұсқа. Жүргізуші белгі көрсетеді. Балалар осы белгіні өздерінің текшелерінде табады, көрсетеді және оның не білдіретінін айтады.

3-нұсқа. Ойыншыларға текшелер таратады. Балалар оны мұқият зерттейді. Әрі қарай әр бала өзінің белгісі туралы атын атамай айтып береді, қалғандары оны шешу керек.

Вариативтік компонент

Тақырыбы: Мультфильм көрейік «Жол жүру ережелері»

Мақсаты: Балалардың жолда жүру туралы алған білімдерін тиянқтау. Мультфильм көру арқылы қызығушылықтарын тудыру. Балаларды мейрімділікке, байқағыштыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: мультфильм «Жол жүру ережелері»

Әдіс-тәсіл: сұрақ- жауап

Барысы:**Шаттық шеңбер**

Қуанайық, шаттанайық бәріміз!

Күліп шықты күн бүгін!

Бәріміз күндей жарқырайық,

Бәріміз тату болайық!

Бәріміз дос блайық!

Тәрбиеші: Балалар, бүгінгі күнімізде сендерге мен сәттілік тілеймін. (осы кезде пошташы хат әкеледі)

Тәрбиеші: Балалар, бізге хат әкелді, оқиық .

«Жол белгілері елінің тұрғындарымыз. Біз сендерге жолда сендермен қауіпті жағдай болмау үшін, «Жол жүру ережелері» туралы мультфильм ұсынамыз. Сау болыңдар!»

Балалар мультфильм тамашалайды.

Қортынды:

Балалар мультфильм көрген соң, сұрақ-жауап әдісі арқылы талдау жүргізеді.

Вариативтік компонент

Тақырыбы: «Жас жүргіншінің мектебі»

Мақсаты: Балалармен жол жүру ережелерін пысықтау. Жауапкершілікке тәрбиелеу.

Көрнекілік: Суреттер, ойыншықтар.

Әдіс-тәсіл: Әңгімелесу, ойын ойнау, сұрақ –жауап.

Барысы:

Шаттық шеңбері:

Жалғайтын достастықты бар елменен

Жолдардан тұрады ғой әлем деген

Бүгінгі бізге келген қонақтарға

Бастайық ізетпенен сәлемдесіп

Арманға алдан күткен асығамыз

Біз қалай шапқан аттай басыламыз

Жол жүру ережесін жақсы біліп

Сақтықпен алға қарай ұмтыламыз.

-Балалар біз бүгін жолда жүру ережелер қаласына саяхатқа шығамыз. Ол үшін біз көлікпен барамыз. Жолда жүру ережесін есімізге түсірейік. Жолда түрлі жол белгілері кездеседі. Кеуделеріне белгі таққан 5 бала шығады.

Бағдаршам, ескерту, тыйым, анықтама, көрсеткіш белгілері.

-Ал балалар жайғасайық, ал қозғаламыз. Сәтті сапар. Қазір қаланың көшесімен келе жатырмыз. Көше қиылысында бағдаршам. Ал балалар қай түс жанғанда автобус тоқтап тұру керек?

-Дұрыс айтасындар. Дәл осы кезде жедел жәрдем сигналы естіледі.

-Балалар мынау қай көліктің даусы?

-Жедел жәрдемнің.

-Балалар құтқаруға асығыс кетіп бара жатқан жедел жәрдемді тез жіберу керек. Өйткені олар адам өмірін құтқарады. Ал мынау белгінің ішінде неге жануардың суреті бар. ----- Өйткені ол жануарлар деген ескерту. Біз орманның тұсына келіп қалыппыз. Ормандағы дыбыстарды бақылайық.

(Орманда әр түрлі құстардың, ағаштардың дауыстары естіледі.)

-Енді мына белгілерді есте сақтайықшы.

Велосипедті тебуге болмайды.

Байқа балалар

Абайла

Жануарлар.

- Көлік жүріп келе жатқанда жүргізушімен жолауша сөйлесуге болама (болмайды).

Жолаушылар таситын қоғамдық көлікті қай жерден күтіп міну керек? (Аялдамалардан).

Көшелерден жаяу адамдар қандай жолмен жүруге тиіс? (Тротуармен)

- Жарайсындар балалар сендер бәрін біледі екенсіңдер.

Шофер біткен бүгінде жол тәртібін біледі

Бағдаршамның қасынан ережемен жүреді

Балалар жолда түрлі жол белгілері кездеседі.

-Сақтанып жүрсең ешнәрсеге ұрынбайсың. Әр кезде асықпай жол ережесін бұзбай үлкендермен бірге жүрсек ешнәрсеге ұрынбаймыз, әрдайым сақ болайық.

Қортынды:

-Балалар бүгін сендер жақсы атсалысып қатыстындар. Барлықтарына көп рахмет.

Вариативтік компонент

Тақырыбы: Қ. Шығар «Реттеуші» (оқу)

Мақсаты: Балаларды реттеуші мамандығымен таныстыру. Реттеуші ағаны сыйлауға, құрметтуге тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: Түсіндіру, сұрақ –жауап, әңгімелеу.

Көрнекілік: Реттеушінің суреті.

Барысы:

Реттеушінің суретін көрсетіп, әңгіме жүргізу.

-Балалар «реттеуші» маманы қандай жұмыс атқарады? (балалардың жауабы)

Сурет бойынша «реттеуші» маманының жұмысын әңгімелеу.

-Балалар, мұқият тыңдаймыз Қ. Шығар «Реттеуші» тақпағымен таныстырамын.

Реттеуші

Бақылап жол тәртібін,
Өткізетін әр күнін.
Реттеушіні көрдім мен.
Қиылыстан дәл бүгін.
Ала таяқ қолында
Айтары көп оның да.
Не істеу керек, тұрса
Реттеуші жолында.

Тік көтерсе таяқты,
Баспа алға аяқты.
Бағдаршамның бұл белгі
Сары шамы сияқты.
Кеудесімен бұрылса,

Қарап саған бетпе-бет.
Тұрғаны оның, ұғынсаң,
Жолды жаптым, өпте деп.

Арқа жағын қаратса.
Өтіп кетпе аңғармай.
Бағдаршамның бұл белі-
Қызыл түсі жанғандай,
Оң иық, не сол иық,
Бұрылғанда сен жаққа.
Тұрып қалма мөлііп,
Алға карай тез атта.
Реттеуші бұрылды.
Бір қырындап тік тұрып
Жасыл жанды дегенді
Жүргіншіге ұқтырып.
Реттеуші бар көшеге.
Тап болса егер кімде-кім.
Тек сол берген белгіге
Көну оның міндеті.

Қортынды:

Балалар сұрақтарға жауап береді:

-Біз «реттеуші» ағаны көрсек, не істейміз?

-Реттеуші бізге не көрсетеді?

Балалар, кім «реттеуші» болғысы келеді? Неге ?

Вариативтік компонент

Тақырыбы: Серуен «Транспорттарға, бағдаршамға бақылау»

Мақсаты: Көліктер бағдаршам арқылы өз бағыттарына жүре алады. Бағдаршамның қызыл шамы жанған кезде көліктер жүреді, ал қызғылт сары түсті шамы жанған кезде көліктер тоқтап жаяу адамдар жүруге дайындалады, жасылшамы жанған кезде жаяу адамдар жолдан өтуіне болатынын үйрету.

Көркем сөз:

Бип – бип, бип дейді,
Жолдан былай кет дейді.
Күшікті басуға болмайды,
Болмайды машина.

Жеке жұмыс.

Балаға қандай машина көргендігін, аттарын атауға үйрету.

Еңбек.

Телімдегі ағаштарға су құю.

Қимылды ойын: «Паровоз», «Поезд», «Менің машинам»

Шарты: Көлік тірлерінің қимыл әрекетін жасау.

Вариативтік компонент

Тақырыбы: Құрастыру «Бағдаршам»

Мақсаты: Балалардың құрастыруға деген ынталарын арттырып, жол белгілері ережелерін есте сақтауға үйрету. Жұмыс барысында бір-біріне кедергі жасамауға, бастаған істерін тиянақты аяқтауға үйрету.

Әдістер: ой қозғау, топтастыру, Венн диаграммасы, тренинг, сұрақ-жауап, көрнекілік

Көрнекілік: мазмұнды және жеке суреттер, өлең, сөзжұмбақ.

Барысы:

Жұмбақ жасыру:

* Жоқ өзінде бас та, ауызда да, құлақ та,
Бақырайған үш көзі бар бірақ та. (Бағдаршам)

*Өзі сөйлей білмейді,
Бірақ «Токта, жүр!» дейді. (Бағдаршам)

Венн диаграммасы

-Балалар, бағдаршам туралы не білеміз? (балалардың жауабы)

Тәрбиеші: Бағдаршам – жарықпен белгі беру арқылы көшедегі, автомобиль жолы мен темір жолдағы қозғалысты реттеуге арналған құрылғы. Ол белгі беру тәсіліне қарай түрлі түсті.Бағдаршамның қызыл түсі жанғанда көліктер тоқтайды. Ортадағы сары түсі жанғанда, көліктер дайындалады, жасыл түсі жанғанда адамдар жүреді. Бағдаршам – өмірімізді жазымнан сақтандыратын көмекшіміз.

«Бағдаршам» ойыны

Шарты:Балалар енді біз «Бағдаршам» ойынын ойнайық. Мен сендерге бағдаршам көздерінің атқаратын қызметтерін атап тұрамын, ал сіздер соған сәйкес бағдаршамның көзін көрсетіп отырасыңдар.

Сергіту сәті:

Қызыл көзі жанғанда,
Сынық сүйем баспа алға.
Сары көзін ашқанда,
Қарап қалма аспанға.
Жасыл көзін ашқанда,
Өте бергін жасқанба!

Суретпен жұмыс.

– Балалар, әрқайсыңыздың алдарыңызда бағдаршамның суреті жатыр.

Бірінші қатар «Дайындал!», екінші қатар «Жүр!», үшінші қатар «Токта!» көздерін бояп шығады. Болғандарымыз суреттеріңді көтеріп қойыңдар.

- Өте жақсы, балалар. Бүгін біз сендермен бағдаршам туралы көп мәлімет алдық, солай емес пе?

Балаларға үлгі бойынша жұмыс барысын түсіндіру.

Балалардың жеке жұмысы

Дайын шаблондарды пайдаланып, бағдаршамды түсті қағаздардан құрастыру, жапсыру.

Қорытынды.

- Өз өмірлерімізді қауіпті апаттардан сақтау үшін жол ережелерін есте сақтап, сол ережелерді бәріміз орындайық.

Мадақтау көрмесін ұйымдастыру.

Вариативтік компонент

Тақырыбы: Әңгіме «Көліктер бізге қалай көмектеседі»

Мақсаты: Балаларға көліктердің адам өміріндегі маңызын және пайдасын түсіндіру

Көрнекілік: Әртүрлі көлік түрлерінің суреттері, ойыншықтар

Әдіс- тәсілдер: Түсіндіру, әңгімелесу, сұрақ-жауап, көркем сөз.

Барысы:

Топқа фуражка киген жүргізуші кіріп балалармен әңгімелеседі.

Жүргізуші: Балалар, сендер бүгін балабақша қалай келдіңдер?

Балалар: Жаяу, автобуспен, машинамен.

Жүргізуші: Балабақшаға жақын тұратын балалар жаяу келді, балабақшадан алыс тұратын балалар автобуспен келді (қоғамдық көліктердің суреттерін көрсетеді). Балалар, қоғамдық көлікпен жүретін адамдарды қалай атайды?

Балалар: Жолаушылар

Жүргізуші: Жолаушылар қоғамдық көлікпен қай жерге бара алады?

Балалар: Балабақшаға, мектепке, дүкенге, жұмысқа...

Жүргізуші: дұрыс айтасындар, көліктер бізге баратын жерімізге тез жетуге көмектеседі.

Үлкен және ауыр заттарды бізге апаруға көмектесетін көліктің түрін айтындаршы?

Балалар: жүк тасушы көліктер

Жүргізуші: Жүк тасушы көліктермен қандай нәрселерді апаруға болады?

Балалар: жиһазды, ауыр заттарды, құм, кірпіш

Жүргізуші: көліктер адам өмірін бір шама жеңілдетеді, көмектеседі. Бірақ жүргізушісіз көліктер жұмыс істей алмайды. Көліктер біздің өмірімізді жеңілдетеді. Балалар көлікті уақытында оңдамаса, оны жумаса, майын ауыстырмаса сынып қалады.

Жүргізуші балалармен әңгімелеседі

Мысалы: Егер машинаның доңғалағы сынып қалса.....

Рөлі болмаса.....

Фарасы күйіп қалса.....

Жанар майы таусылып қалса..... , сияқты түрлі жағдайларды ұсына отырып мииға шабуыл жасау арқылы ойын жүргізеді

Тақырыбы: Дидактикалық ойын: «Ақылды машиналар»

Мақсаты: Адамдардың жұмыстарын жеңілтуде машиналардың көмегі туралы балалардың білімдерін бекіту. Істейтін қызметтеріне қарай машиналарды топтастыруға, аттарын дұрыс атауға үйрету, сөздік қорларын молайту: бульдозер, көтергіш кран, жедел жәрдем, ауыр жүк машина, қар тазалайтын машина т.б...

Көрнекіліктер: Әртүрлі машиналардың суреттері.

Ойын шарты: Таратылған сурет бойынша әңгімелеу. Көліктердің атауларын атау, олардың пайдасын әңгімелеу. Жүргізушілердің жұмысын әңгімелеу. Әр көлікке өзінің жүргізушісін табу. Мысалы: такси-таксист, жедел жәрдем-жедел жәрдемнің жүргізушісі, т.б.

Вариативтік компонент

Тақырыбы: Жол тәртібін білейік.

Мақсаты: Жалпы жол белгілерімен балаларды таныстыруды жалғастыру, жол белгілерін айыра білу дағдыларын қалыптастыру. Іс жүзінде қолдануға қызығушылықтарын тудыру, жолда жүру тәртібін сақтауға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Жол белгілері, бағдаршам, ойыншық машина, велосипед.

Әдіс-тәсілдер: Түсіндіру, сұрақ – жауап, әңгімелеу.

Барысы:

Есік қағылады. инспектор мен қоян кіріп келеді.

Инспектор апай: Сәлеметсіңдер ме балалар! Балалар жолға қарап тұрсам, велосипед тепкен қоянды көрдім, жолдан дұрыс өтпей барлық ережелерді бұзып, машина қағып кете жалдады. Қоянды тоқтатып, қайда барасың деп сұрасам, Балалардың балабақшасына барамын деп өтінгесін, сендерге алып келдім. Балалар сендер жол ережесін білесіңдер ме?

Балалар: Ия білеміз.

Инспектор апай: Ендеше қоянға үйретіндерші, ал қоян сен жол ережесін үйренбей мен саған велосипедінді бермеймін, ал мен жұмысыма барайын.

Тәрбиеші: Қоян сен ренжіме, біздің балалар саған жол ережесін айтып, түсіндіреді, сен жол ережесін үйренгесін велосипедінді қайтарып береді.

Қоян: Жарайды балалар маған жол ережесін айтып, мен үйреніп алайын.

Тәрбиеші: Қоян қазір біздің балалардан сұрайық, жауаптарын тыңдап есіне сақта!

-Велосипедті қай жерде тебу керек?

-Балалар алаңында тебу керек.

-Допты қай жерде ойнау керек?

-Спорт алаңында ойнау керек.

-Бағдаршамның неше көзі бар?

-Бағдаршамның үш көзі бар. Түстерін атайды.

-Бағдаршамның қай көзі біздің досымыз?

-Жасыл түсі біздің досымыз, ол бізге әрқашан көмектеседі.

-Көше тәртібін бағдаршамнан басқа кім басқарады?

-Демеуші инспектор басқарады.

Тәрбиеші: Қоян балалардың айтқандарын есіне сақтадың ба, бұл ережелерді білсең, сен әрқашан қауіпті боласың.

Қоян: Рахмет балалар, мен айтқан ережелерінді есте сақтаймын.

Тәрбиеші: Қоян біз балалармен «Жол белгілер еліне» саяхатқа баруға жиналғанбыз, бізбен бірге барасың ба?

Қоян: әрине, менде барайыншы балалар ?

Тәрбиеші: Қоян сен жолда мұқият бол, балалардан үйрен.

(Муз әуенімен балалар бір-бірінің артынан жүреді)

Тәрбиеші: Балалар алдымызда екі жол айрығы жатыр, бірі-жіңішке, екіншісі-жалпақ жол.

-Қалай ойлайсыңдар қандай жол жаяу жүргінші?

-Жіңішке жол жаяу жүргінші.

Тәрбиеші: Міне, біз бірінші жол қиылысына жеттік.

-Жолдан өту үшін ненің көмегіне жүгінеміз?

Тәрбиеші: Абайлаңдар балалар алдымызда көліктер жолы бар. Оңға солға қарайық, жол белгісін табайық!

Қоян: Таптым,таптым! Жол белгісі оң жағымызда тұр.

Тәрбиеші: жол бетіндегі «жолақша жол»белгісімен таныстырады.

Балалар қолдарындағы жалаушаны көтеріп,жол бетіндегі «жолақша жол»үстімен жолдың келесі бетіне шығады.

Жолдың арғы бетінде «Жол белгілер елі»кездеседі.Бұл елдің мекенінің табиғаты көз тартарлық әдемі екен.Балалардың алдынан Аю қарсы алады(фурашка)киіп алдан шығады.

-Сәлеметсіңдер ме балалар?

Сәлеметсіз бе аю, біз балабақшаға келдік, біз сіздің еліңізге саяхат жасауға келдік, еліңіз әдемі екен, біз сізге жету үшін көп жол қиылыстардан өттік,ережелерді жақсы орындадық, қоянда ережелерді үйренді.

Аю: Мен негізгі жол реттеушісімін. Менің елімнің жолдарын, көліктерін белгілерін көріңдер.Мен сендерді мына белгілермен таныстырайын.

Белгілерді көрсетіп, әңгімелеп түсіндіреді.

Аю балаларға ойын ойнатады.

Ойын «Белгілерді ата»

Аю: Балалар сендер келіп, мені қуанттыңдар, жол ережесін біледі екенсіңдер, естеріңе сақтандар.Мен сендерге әдемі сыйлық ұсынамын,сендер ылғи сыйлыққа қарап менім әдемі елімді еске алып отырасыңдар.

Тәрбиеші: Рақмет аю балалар өте қуанышты, сізге келіп көп белгілер, ережелер үйрендік. Біз енді қайтайық.Сау болыңыз.

(Муз әуенімен балалар бала -бақшаға келеді)

Келе жатқанда балаларды, қоянды инспектор апай қарсы алады.

Сол кезде қоян қуанып: инспектор апай маған балалар жолда қалай жүру керегін үйретті, мен енді жол ережесін бұзбаймын, велосипедті аулада тебемін,велосипедімді беріңізші.

Инспектор апай: Қазір сені тексеріп жіберейін.

-Мынау не?

-Бағдаршам.

-Бағдаршамның қай көзі жанғанда жүреміз?

Жасыл түсі жанғанда жүреміз.

Жарайды үйреніпсің, білесің, ала ғой велосипедінді, енді жол ережесін бұзба

Қоян: Жарайды, инспектор апай рақмет сізге, балалар сендерге көп рақмет, маған көп нәрсе үйреттіңдер, шығып кетеді.

Инспектор апай: Жүргізушілер жол апатына ұшырамау үшін жол ережесін сақтау керек, есте сақтандар сау болыңдар

Тәрбиеші: Балалар, сендер бүгінгі сабаққа өте жақсы қатыстыңдар, осымен сабағымыз аяқталды сендерге көп рақмет.

Вариативтік компонент

КВН «Жол әліппесі»

Мақсаты: Жол жүру ережелерін бекіту және оларды ойындарда қолдану. Балалардың тапқырлығын дамыту. Бір-бірін түсінуге, достыққа тәрбиелеу.

Көрнекілік: Эмблемалар, мадақтама, жол белгілері, суреттер.

Әдіс –тәсілдер: Сұрақ жауап, жарысу, құрастыру.

Барысы:

Жүргізуші Жол - көлік оқиғаларының қаупі арта түсуде. Сондықтан да жүргізушілер мен жаяу адамдардың көшелер мен жолдарда ерекше тәртіпті және мұқият болуы қажет. Жол - көлік оқиғаларының зардабынан көбіне балалар зардап шегуде.

Міне, осы мақсатта біздің балаларымыздың арасында «Жол әліппесі» атты жол ережелеріне арналған КВН өткізілуде. Ендеше, қош келдіңіздер!
(Балалар музыка әуенімен залға кіреді)

Жүргізуші:Сәлем, балалар! Бүгін сендерге арнайы келдім.

Жүргізуші - Бүгін «Бағдаршам» тобы мен «Жүргінші» тобының балалары жол жүру ережелері бойынша өздерінің білімдерін сарапқа салмақшы. Сонымен ортаға қатысушы топтарды қошеметпен шақырайық!

Бүгінгі ойында:

1 сайыс: Өз орныңды тап, әр топ өздерінің ұрандарымен топ аттарымен таныстырып өтеді.

2 сайыс: «Сергіту сәті» әр топқа сұрақтармен жұмбақтар беріледі.

3 сайыс «Сен білесің бе?»): Пазл жол белгілерін құрастырады, аттарын айтады.

4 сайыс «Үйге тапсырма»: Әр топтан жол белгілері туралы тақпақтар айту.

5 сайыс: Топ аралық жарыс кедергілер арасынан өту.

Жүргізуші 1 - сайысымызда: Өз орныңды тап, әр топ өздерінің ұрандарымен топ аттарымен таныстырып өтеді

«Бағдаршам» тобы:

Ұраны:Қызыл көзін ашқанда,
Сынық сүйем баспа алға.

«Жүргінші» тобы:

Ұраны: Жасыл көзін ашқанда,
Өте бергін жасқанба!

Жүргізуші

2 – сайысымызда «Сергіту сәті». Әр топқа үш - үштен сұрақтар мен жұмбақ беріледі

Жол инспекторы: Ескертемін! Қол көтермей, рұқсатсыз берілген жауап есептелмейді. **«Бағдаршам» тобына:**

1 - сұрақ: Көшедегі кездейсоқ қауіп - қатерден аман болу үшін нені білуіміз қажет? (қауіп - қатерден аман болу үшін жолда жүру ережесін жақсы білуіміз керек.)

2 - сұрақ: Бағдаршамның түстері қалай орналасқан? (бағдаршам түстері тігінен 1) қызыл, 2) сары, 3) жасыл болып орналасқан. Қызыл түсі жүруге тыйым салады; сары түсі назар аударыңыз, жасыл түсі жүруге рұқсат дегенді білдіреді.)

3 - сұрақ: Жаяу адамдардың өтетін жолындағы сызықты қалай атаймыз? \Ақжолақша/

4-сұрақ: Жолдардан қалай өтеміз?(Бағдаршам арқылы өтеміз) 5- сұрақ: Жаяу адамға қай жермен жүруге болмайды?(Көлік жүретін көшенің ортасымен жүруге рұқсат етілмейді)

«Жүргініші» тобына:

1.сұрақ: Жүргізуші деген кім?(Көлік жүргізетін адам)

2 - сұрақ: Автобус тоқтайтын орын? (аялдама)

3 - сұрақ: Бағдаршамның қай көзі біздің досымыз? (жасыл)

4-сұрақ: Бағдаршам жоқ жерден қалай өтеміз?(әуелі сол жаққа,көшенің ортасына келгенде оң жаққа қараймыз)

Жұмбақтар жасыру

«Бағдаршам» тобына:

1 - жұмбақ: Көзін ашып жұмады.

Бағыт сілтеп тұрады. (Бағдаршам)

2 - жұмбақ: Ала таяқ ұстаған,

Жол тәртібін нұсқаған.

Өміріңді күзеткен,

Ысқырығы күшті адам. (Реттеуші)

3 - жұмбақ: Арқаным бар тым ұзын,

Ала алмайсың бір үзім.(Жол)

«Жүргінші» тобына:

1. Көше бойлап аяндайды,

Адам тасып аялайды. (Автобус)

2. Көліктің қаншасын үстінен өткізген,

Іргеден басталып, алысқа жеткізген.(Жол)

3. Жоқ өзінде бас та, ауызда да, құлақ та,

Бақырайған үш көзі бар бірақ та. (Бағдаршам)

Жүргізуші: 3– сайысымыз. «Сен білесің бе?»: Пазл жол белгілерін құрастырады, аттарын айтады.

Жүргізуші: 4 - сайысымыз «Үйге тапсырма»

Әр топтан жол белгілері туралы тақпақтар айту.

(Ескерту белгісі,тыйым салу белгісі, анықтама белгісі,көрсеткіш белгісі)

«Бағдаршам» тобы:

Ескерту белгісі:

Қып-қызыл үшбұрыш
Ескерту белгісі мен болам
Қауіптен сақ бол деп
Сәт сапар жолдаған.

Тыйым салу белгісі

Қызылмен боялған шеңберім аумақты,
Тыйымшыл белгімін, қаталмын, салмақты.
Мен тұрған жерлерде хақың жоқ жүруге,
Қауіп бар бағдарла, көз салып жан-жақта.

«Жүргінші» тобы:**Анықтама белгісі**

Түнде, күндіз, кеште де
Жөн сілтеймін жолға
Аңғармайсың ештеңе
Анықтама болмаса.
Ой-шұңқырды алдағы,
Қалай өту керегін,
Жылдамдықты, ал, кәне
Анық айтып берейін!

Көрсеткіш белгісі:

Жол созылмақ қаншаға
Қайда асхана, мөнша бар
Қонақ үй бар қай жерде
Қайда музей, қай көрме
Көрсетемін саған дәл
Не көрсетсем, соған бар!

Жүргізуші: 5 – сайысымыз «Топ аралық жарыс кедергілер арасынан өту»

Жүргізуші: Балалар жолда жүру ережелері туралы білімдеріңіз бар екен, сендерге ризашылығымды білдіріп мына сыйлықты тарту етем.

